ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!

СДЕЛАЙ СВОЙ ВЫБОР!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ

19 НАУРЫЗ МАРТА 2023

ВЫБОРЫ ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Алатау

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 10 (1117)

10.03.2023

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

ҮМІТ АЛҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Еділ Юрийұлы ҚАЗАҚБАЕВ, кәсіпкер: – Президент Қасым-Жомарт Тоқаев келген сәттен бастап елімізде көптеген оқиға болды. Атап айтқанда, әлемді дүр сілкіндірген пандемия, қаралы Қаңтар оқиғасы, Украинадағы соғыс, экономика мен мемлекеттер арасындағы әлемдік дағдарысқа бәріміз куәгерміз. Әркім өз дәуірінің куәгері деген сөз осындайда айтылса керек.

Үгіт-насихат жұмыстары басталғалы Талдықорған қаласының тұрғындарымен түрлі кездесулер өткізіп, көпшілікті алаңдатқан мәселелерді сұрап білдік.

Сайлауалды бағдарламамызды түсіндіріп, еліміздегі салық саясатын қайта жаңғырту, жас отбасыларды баспанамен қамтамасыз ету, әйелдерді 58 жаста зейнетке шығару, міндетті медициналық сақтандыруды алып тастау, әрбір азаматқа тиесілі 10 сотық жер беру, ауыл тұрғындарын жайылыммен қамтамасыз ету, ауылшаруашылық өнімдерін өндейтін зауыттар салу, көкөністер мен жемістерді заманауи үлгіде сақтауға инвестиция құю, жүк тасымалын қамтамасыз ету, жаңа өндірістер ашу, кәсіпкерлерді үш жыл салықтан босату, отандық өнімді экспорттау сынды аса өзекті мәселелерді орындау біздің міндетімізге кіретінін жеткіздік. Сұрақ қоюшылар өздерін толғандырған сауалдарын қойып, тұшымды жауап алды. Халықтың талап-тілегі таза ауызсу, сапалы білім, білікті медицина, түзу жол екендігін айқын аңғардық. Одан бөлек отандық туризмді дамыту, шағын кәсіпкерлікке қолдау, отандық өндірісті өркендету сынды аса маңызды бағыттардың жұмысын жандандыруға көпшілік ынталы екен. Алайда еліміздегі арзан тауармен қамтамасыз етіп, сауда-саттықпен айналысатын саудагерлер отандық өнімді өндіруге тікелей кедергі келтіретінін білдік.

Шынында өзін Қазақстан азаматы санайтын әрбір адам отаншылдық рухты берік ұстанғанда ғана еліміздің экономикалық тұрғыдан қарқынды дамуы белең алады. Себебі, экономиканың өзегі саналатын өндіріс қана еселі дамуға серпін береді. Осыны ұғындыру үшін ертеңге үмітпен қарап, Парламент Мәжілісінің мінберіне ұмтылып отырғанымызды жеткіздік. Адамды үміт жетелейді. Үмітсіз адам алға ұмтылмайды!

ХАЛЫҚ МҮДДЕСІНЕ ҚЫЗМЕТ

Қуат Қуанышұлы КҮНБОЛАТОВ, өзін-өзі жұмыспен қамтыған: – Әр сайлауда депутаттыққа үміткерлер сайлаушыларға уәде етпеген дүние қалмаған болар?! 30 жыл бойы жиналған уәделердің барлығы демей-ақ қояйын, ең болмағанда 30%-ы іске асса, халқымыз бақуатты елде шалқып өмір сүрер еді. Бірақ, өзіміз көріп тұрғандай соңғы кездері, әсіресе қымбатшылықтың кесірінен елімізде күн сайын кедейленіп бара жатқан отбасылардың саны көбеюде. Соңғы статистикалық мәліметтер бойынша кедейлік шегінен төмен өмір сүріп жатқан азаматтардың саны 1 миллионнан асып кетіпті. Бұл өте өкінішті. Неліктен бұның барлығын жазып отырмын? Себебі, баршаға әділеттілік орнайтын кезең келді! Мен бизнесім жоқ қарапайым жанмын. Халқымның жағдайын жақсы түсінемін. Сайлауалды бағдарламамда халықты мазалайтын мәселелерді шешуге бел будым. Басты ұраным: «Мақсатым – әділетті қоғам үшін күресу». Депутат болып сайлансам, жер мәселесіне мұқият көңіл аударуға, пайдаланбай жатқан жерлерді қайтарып, тұрғындардың малы жайылатындай етуге, денсаулық сақтау мекемелерінде орын алатын жемқорлық мәселесіне көңіл аударуға күш саламын. Халқымыз медициналық сақтандыру жарнасын төлесе де толығымен ем ала алмай келеді. Ақырында ақылы емханаға баруға мәжбүр. Осы мәселені халыққа пайдалы етіп шешу басты мақсатым. Тұтыну тауарларының қымбаттығын тоқтатудың бірден-бір жолы кәсіпкерлікті арттыру деп білемін. Яғни, кіші және орта кәсіпкерлікті дамытқысы келетін азаматтарға берілетін несиені төмен пайызды және қолжетімді ету керек. Сонда отандық өнім мөлшері көбейіп, жұмыс орындарының саны өседі. Баға да күрт төмендейді. Әділеттілік принципі ретінде, қазіргі таңда елімізге ТМД мемлекеттерінен әкелінген көліктерді арзан бағамен (200 000 теңге) бір реттік заңдастыру 01.09.2022-ге дейін келген көліктерге ғана емес, кәмелетке толған әр азаматқа тиесілі болуы керек. Себебі, халқымыз әбден тозған көлікті мінуде.Бұл айтылғандар бағдарламамның тек бір бөлігі ғана. Ең басты айтарым – ел-жұртпен тығыз қарым-қатынас орнатып, халықты толғандырған мәселелерді ұдайы көтеріп отырамын.

ЖЕТІСУ – БІЗДІҢ ҮЙ

Ардақ МҰРЫНБАЕВ, жеке кәсіпкер: – Менің сайлауалды бағдарламам «Жетісу – біздің үй» деп аталады. Ондағы ұран – «Береке-бірлік пен сапа». Туған жеріміздің гүлденіп, көркеюі – біздің ортақ мақсат пен мүддеміз. Сондықтан да, үйімізде тазалық, жайлылық пен жылулық болуы маңызды. Ол үшін қолайлы шарттар керек. Ал шарттарды іске асыруға тиісінше күш-жігер жұмсауымыз қажет. Жетісу облысының әр өлкесіне үгіт-насихат жұмысын жүргізу жоспар бойынша өтуде. Ең алғашқы үгіт-насихат жұмыстары мен халықпен кездесулер туған жерім Үшарал қаласында болды. Кездесуде тұрғындар сайлауалды бағдарламаммен танысты. Бағдарламаға қатысты туындаған сұрақтар талданып, жауап берілді, қоғамдық маңызы мен мүмкіндіктері барынша талқыланып, қарастырылды. Келесі Талдықорған қаласындағы облыстық ардагерлер ұйымымен өткен кездесу барысында сайлау бағдарламамның бірнеше тармағы қолдау тауып, халықты толғандырып жүрген сауалдар талқыланды. Жетісу – ортақ үйіміз бен туған өлкеміз болғандықтан, тұрғындар арасында қоғамдық мәселелер мен халықтың үні тыңдалды. Жалпы үгіт-насихат жұмыстарының барысы әлеуметтік желілерде үздіксіз жарияланып келеді. Сонымен қатар, Жетісу облысының барлық ауданында үгіт-насихат брошюралары мен өзге де түрлері халық назарына ұсынылған. Әрбір айтылған ұсыныс пен көтерілген мәселе назардан тыс қалмайды. Халықтың жайлы өмір сүріп, олардың тұрмыстық, әлеуметтік әл-ауқаты көтерілуі үшін еңбек етеміз.

Бізді ауылдағы тұрғындардың әсіресе, жастардың жайы толғандырады. Кәмелеттік жасқа толмағандардың бос уақытын тиімді өткізу, спортпен айналысу, қоғамдық жұмыстарға белсенді араласуына жағдай жасауымыз керек. Ғылым мен білімге құштар оқушыларды үздіксіз қаңаттандырып, талантын ашып, ой-өрісін кеңейтіп отыру ата-ана мен ұстаздарға тікелей қатысты. Ел ертеңі жастардың қолында десек, болашақтың қамын бүгін ойлауымыз қажет. Міне, менің сайлауалды бағдарламам осы мақсаттарды басшылыққа алған.

ЖҰРТ СЕНІМІН АҚТАЙМЫН

Қажет Андас, журналист: – Саяси дода қыза түскелі де 10 күннен аса уақыт өтті. «Жүйрікте де жүйрік бар, қазанаты бір бөлек» дегендей, әр үміткер өзінің таңдап алған жолымен, бағытымен ел көңілінен шығып, жұрт қалауына жағу үшін тырысып бағуда. Сол қатарда біз де келеміз. Парламент мәжілісі және әр деңгейдегі мәслихат депутаттарын бірмандаттық округ бойынша сайлау алғаш рет ұйымдастырылғандықтан өзін-өзі ұсыну тәртібімен бәсекеге бәс тіккен үміткерлердің бәрінде қобалжудың болғаны анық. Сондай көңіл-күй менде де болды. Ойласа келе, үгіт-насихат жұмысын өзімнің сайлауалды бағдарламамда көрсетілген бағыттар бойынша рет-ретімен ұйымдастыруды жөн көрдім. Алғашқы кездесуім облыстағы «Жетісу» және «Вестник Жетісу» газеттерінің ұжымымен басталды. Сосын руханият саласында еңбек ететін ұжымдарды аралап, ойлаған ойым мен көздеген мақсатымды көпке түсіндіре бастадым. Ең бастысы, жүрегімде жүрген, ойымда тұншыққан жоспарымды көпшілікке бүкпесіз жеткізуге мүмкіндік болды. Түрлі кездесу аясында кітапханашылар, музей қызметкерлері, архившілер, тарихи-мәдени мұраны қорғаумен айналысып жүрген әріптестерім жақын тартып, жақсы тілектерін жеткізіп, жебеп келеді.

Мамандығым журналист болған соң әлеуметтік желілерге жақындығым болғандықтан сайлауалды бағдарламаны, кездесулерді әлеуметтік желі арқылы жұртқа таратып отырдым. Жақсы тілегін айтып, қолдағандар көп болса, қарсы пікір білдіргендер кездесپеді. Демек, жұрт алдында қадірімнің бар екендігін осыдан сезіндім. Мен аудан, қаладан штап құрған жоқпын, сабылтып сенімді өкіл тіркеп, дуылдатып ел-жұртты араламадым. Басқалармен тартысып, намысына тиген жоқпын. Бейтарап күйде өз жұмысымды жоспар бойынша атқарып келемін. Бірақ, қайда барсам да әлпештеген халықты көрдім. Екі туып, бір қалғаным болмаса да, мен үшін жанын беріп, қадірімді ел білсін деп шыр-пыр болып жүрген азаматтарға басымды иемін. Демек, халық мен жақта. «Көп түкірсе көл толады» ғой, көптің қолдайтынына сенімім кәміл. Ал «Ер мойнында қыл арқан шірімейді» дегендей, жұрттың сенімін жолда қалдырмайтынына да уәде беремін.

ЗАҢ АЯСЫНДА ШЕШЕМІЗ

Арман СЛАМЖАНҰЛЫ, заңгер: – Сайлауалды бағдарламамды түсіндіру мақсатында халықпен кездесулер өткізудемін. Менің байқағаным облыс тұрғындарын көбіне пәтер, жер және несие мәселесі толғандырады екен. Микронесие мен ломбардтарға жүгінген қарапайым жұрт зардап шегуде.

Жалақыдан-жалақыға дейін қарызды қарызбен жауып, әрең күнін көріп жүргендер өкінішке қарай аз емес. Ал алған ақшасының пайызында шек жоқ. Сондықтан, осы микронесие берушілер мен ломбардтардың жұмысы қатаң бақылауға алынбаса, мемлекеттің ең қымбат қазынасы адам және адам өміріне балта шабамыз. Айлығын күн көріске жеткізе алмағандықтан осындай сұмдық пайыздың құрбаны болудан басқа амал жоқ. Сондықтан, тез арада аталмыш салаға қатысты заң актілерін қабылдау қажет.

Маған 10 жылдан аса медицина саласында қызмет істеп, мемлекет тарапынан 2016 жылы пәтер алған азамат жүгінді. Ол: «Пәтер берілгені не керек, құжаттары жоқ», – деп назын айта келіпті. Ендігі кезекте 7 жыл тұрған үйін тартып ала ма деп алаңдаулы. Осындай тұрғындар Талдықорған қаласында көптеп кездеседі. Облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың тапсырмасымен баспана алғандардың құжаттары заң жүзінде тексеріліп, талап-арыздарымен сотқа жүгінуде.

Ал ауыл тұрғындарын мал бағатын жердің жетіспеуі мазалайды. Шабындықтың болмауы да көңілдеріне кірбің түсірген. Ендігі кезекте бұл мәселені заң арқылы шешуге тура келеді. Сол себепті, құжаттарын дайындап, мүмкіндігінше сотқа жүгіну жолдарын қарастырудамыз. Мұғалімдердің жағдайы да назардан тыс қалмады. Олардың мүдделерін қорғау үшін ең алдымен заң талаптарын білген жөн. Сондықтан ұстаздар қауымына айтарым: «Заң бойынша өз құқықтарыңызды біліп, еңбек шарты бойынша міндеттеріңізді ажыратып алғандарыңыз жөн. Егер бұл заңға әлдекімдер бағынбаған жағдайда, тиісті орындарға жүгінгендеріңіз дұрыс». Жетісу өңірінің халқымен кездесуді жалғастыра береміз, олардың талап-тілегіне құлақ түріп, көтерген мәселесін заң аясында шешуге жәрдемдесеміз.

ЫҚЫЛАС ЕРЕКШЕ, ТІЛЕК КӨП

Ауыт МҰҚИБЕК, ақын: – Жетісу облысынан өзін-өзі ұсыну тәртібімен Мәжіліс депутаттығына тіркелген кандидат ретінде Алакөл мен Жаркентке дейінгі алқапты алып жатқан өңірдің жұртшылығымен кездесу өткізіп, көптеген еңбек ұжымының талап-тілегін тыңдадық. Алғашында аздаған түсініспеушіліктің болғаны рас. Онда да тұрғындармен кездесуге белгіленген орындар жиі ауысып, қарапайым халықты аздаған әбігерге түсірді. Онсыз қызық бола ма?

Соған қарамастан кездесуге келушілердің қарасы азаймай, өз ұсыныс-тілектерін жеткізушілердің қатары сиремеді. Халықтың осындай ықылас-пейілінің арқасында Алакөл ауданының орталығы Үшарал қаласында, Ақсу ауданының орталығы Жансүгіров кентінде, Көксу ауданының орталығы Балпық би кентінде жергілікті жұртшылықпен кездесіп, көпшілікті толғандырған мәселелерді сұрап білдік. Биік-биік мінберлерден айтылуы тиіс тақырыптардың қатарында айтылған таза ауызсу, сапалы жол, жұмыссыздық, қандастарға қолдау сынды өзекті мәселелердің қатарында жайылымдық жердің жетіспеуі ерекше көтерілді. Жер көлемі бойынша әлемде алдыңғы орыннан көрінетін Қазақстан Республикасы үшін бұл масқара жағдай. Ондайға жеткізген пенделік ашкөздік, тойымсыздық дер едім. Себебі, қолында мүмкіндігі барлар иеленіп алған жерлер гектармен есептелсе, қарапайым ауыл тұрғыны егістік егетін 5-6 сотық жерге мұқтаж. Қазақта ғасырлар бойы айтылып келе жатқан жесір дауы мен жер дауы ешқашан жақсылыққа апармағанын ескерсек, ендігінің адамы жер үшін соғысуға баруы мүмкін екенін көреміз. Сондықтан Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жер мәселесіне мұқият қарауды Үкіметке тапсырып, игерілмей жатқан жерлерді мемлекет меншігіне қайтаруды міндеттеген болатын. Соған қарамастан ауқымды жерлерді иеленіп, жергілікті жұртшылықтың мал жаюына тыйым салып тайраңдағандар әлі бар. Олар тіпті, жергілікті биліктің айтқанына пысқырмағаны былай тұрсын, кеусен тарату, сабантой беру сынды халқымыздың ұлттық дәстүрін мүлде елемейді. Осыдан келіп әлеуметтік теңсіздік туындайды.

Халықтың талап-тілегін жоғарғы билікке бұлжытпай жеткізу маған сын, қолдап, дауыс беру саған сын!

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

САЙЛАУ – 2023

ЖАҚСЫЛЫҚ КӨРУІ КЕРЕК

Саят Нұрмұхамедұлы НҮСІПОВ, жеке кәсіпкер: – Сайлау алдындағы үгіт-насихат басталғалы бері Жетісу жеріне қарайтын аудан, қалаларды аралап жергілікті жұртшылықпен кездесулер өткіздік. Сайлауалды бағдарламамызда қамтылған мәселелерді түсіндіріп, елімізді сапалы интернетпен қамтамасыз ету, инновациялық технологияны қолданысқа енгізу сынды бағыттар басты назарда екенін айтып өттік.

Атап айтқанда, Ақсу ауданы, Қапал ауылының ақсақалдарына, Талдықорған қаласындағы орталық базардың саудагерлеріне, Ақсу ауданы Көкөзек ауылындағы Терібаев атындағы орта мектептің еңбек ұжымына, Ақсу ауданының орталығы Жансүгір ауылының тұрғындарына, Панфилов ауданы Жаркент қаласының халқына өзімнің сайлауалды бағдарламамды таныстырып, көпшілікті толғандырған мәселелерді сұрап білдім. Өңірлерде қордаланған мәселе көп. Жұмыссыздық, ескірген жол, таза ауызсу, жайылымдық жер сынды аса өзекті мәселелер барлық жерге тән шешімін таппаған сауал. Шыны керек, өткен 30 жылдың ішінде жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамуынан бөлек рухани, мәдени бағыттағы өсуіне көңіл бөлінбегені анық байқалады. Ауылдардағы мәдениет үйлері мен көркем фильм көрсететін кинотеатрлардың жоқтығы өскелең ұрпақтың санасына елеулі әсер еткен. Тұмса табиғаты кез келген шетелдікті қызықтыратын өңірлерді туризмнің орталығына айналдыруға мүмкіндік болғанымен жергілікті кәсіпкерлердің қызығушылығы бәсең. Себебі, еліміздің барлық өңірін сауда-саттық жайлап алғаны соншалық отандық тауар өндіру ұғымы алынбас қамалдай көрінеді.

Бекер обалы не, халықтың ықылас-пейілі жақсы, ақсақалды қариясы батасын беріп, шынайы тілегін арнап ұзатқан шығарып салды.

Халықтың басым бөлігінде күнделікті тамақ тауып жеуге ғана жағдайы жетеді. Мұндайға жол жоқ. Тұрғындардың жайлы өмір сүруіне мүмкіндік беру керек.

ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА ҚАЖЕТ

Мақсат Әбілахатұлы ХАЛЫҚ, жеке кәсіпкер: – Үгіт-насихат жұмысы басталғалы бері көпшілік қойған сұрақтардың ішінде: «Кімсің, қайдан шықтың?» деген сауалдар жиі қойыла бастады. Әрбір сұраққа үлкен жауапкершілікпен қарап, туған жерімді, өскен ортамды, ата-анамның кім болғанын тәптіштеп түсіндірген соң ғана кездесуге келушілер тарапынан жақын тарту байқалады. Сайлау басталардың алдында туып-өскен үйіме барып, анашымның көңілін аулап: «Уайымдамаңыз бәрі жақсы болады!» – деп аптыққан көңіліне басу айттым. Себебі, Ана жүрегі деген бала үшін тулап кететіні белгілі. Одан соң анамды ертіп, нағашы атам мен апамның батасын алдым. Әкем 45 жасында ерте дүние салғанда менің жасым 13-те еді. Артымда 1 інім, 2 қарындасым қалды. Басына түскен қиындыққа мойымаған анамыз бәрімізді бағып-қағып, аман-есен осы қалетке жеткізді. Халқымыз «батамен ер көгерер, жаңбырменен жер көгерер» дейді. Ата-әжем мен анамның батасын алған соң үгіт-насихат жұмысын Алаштың арда азаматтары Ілияс Жансүгіров пен Мұхамеджан Тынышбаев мұражайларында бастадым. Кездесу барысында сайлауалды бағдарламам «кедейшілікпен күрес, халықтың табысын арттыру, өңірлерді дамыту, заң халық үшін» деген негізгі үш тұғырға негізделгенін жеткізіп, түсіндірдім. Осы үшеу негізді қосқанда ұлттық экономикамыздың моделін қалыптастыруға болады. Өткен 30 жылдың ішінде ұлттық экономикамызды құра алмадық, жазылған бағдарламалар жәй сөз жүзінде қалды. Қазіргі бағдарламалар бүгінгі халықтың нақты әл-ауқатын сипаттай алмайды, сондықтан біз Алаш идеясына негізделген ұлттық экономикамызды құруымыз қажет. Белгілі Алаш қайраткері Қошке Кемеңгерұлы: «Қай ел болмасын шаруасы өркендемей, ғылымы мен пән өнері марқаймай, терезесі тең ел болмайды», – дегенді бекер айтпаса керек.

Талдықорған қаласында, Балпық би ауылында халықты толғандырған негізгі мәселелерді тыңдап, сайлауға қатысты үгіт насихат жұмыстарын жүргіздік.

ХАЛЫҚ МҮДДЕСІН ҚОРҒАЙМЫН

Болат АЙТБАЕВ, зейнеткер: – Осы уақытқа дейін қызметтік жолымда талай тәжірибе алмастым. Механиктен бастап бас инженерге дейін жұмыс істедім. Сондықтан қарапайым жұмысшылардың жайымен жақсы таныспын. Қазіргі таңда шаруа қожалықтың басшысы ретінде еңбек етудемін. Министрлік өкілдерімен өңірлерге барып, халықпен кездесуіне, одан кейін азаматтарды қабылдауына қатыстық. Нәтижесінде, омарта шаруашылығын субсидиялауға қол жеткіздік. Осындай іргелі істерді жалғастыруда ең алдымен халық құқықтық тұрғыда сауатты болуы, депутаттардың қарап жатқан заңдармен танысып, өз ұсыныс-тілектерін ашық жеткізулері тиіс. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау талаптары бірінші орындалуы қажет. Менің сайлауалды бағдарламам да халықтың мүддесін қорғауға арналған. Әсіресе, елдегі азаматтық, қылмыстық іс жүргізу, Жер кодекстері мен «Прокуратура туралы», «Жол қозғалысы қауіпсіздігі туралы» Заңдарға тиісті толықтырулар мен өзгерістер енгізуге күш саламын.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидат ретінде қазір облыстағы елді мекендерде үгіт-насихат жүргізіп жатырмыз. Сондағы байқағаным ауыл тұрғындарын ең алдымен жер мәселесі алаңдатады. Жайылым жерлер жетіспей, төрт түлігін қайда апарарын білмей әбігерге түсуде. Жаз мезгілінде малы егістікке түсіп, көп қиындық тудыратын көрінеді. Жетісу аграрлы аймақ болған соң ең әуелі ауылшаруашылық саласы өркендеуі керек. Осы орайда инвестиция тарту арқылы сүт, құс фермаларын ашып, асыл тұқымды мал басымен айналысатын кәсіпкерлерді қолдау қажет. Мал бордақылайтын алаңдарды көбейтіп, азық-түлік сақтау қоймаларын салу бірізге түсуі тиіс.

БАСТЫ МАҚСАТ – ЕЛ МҮДДЕСІ

Данияр Бағдатұлы ЖЕКСЕНОВ, инженер ғалым: – Бүгінгі күні жүзеге асырылып отырған әлеуметтік саясаттың барар жері нақтыланып, оның бойындағы әлеуметтік әділдіктің ұстанымы мен жекелеген экономикалық бастамаларды қолдау міндеті қатарласа өріліп келеді. Осы бағыттағы мәселелерді ұдайы көтеріп жүрген Мемлекет басшысы әлеуметтік қамсыздандыру саясатын «қайта жаңғырту» қажеттігін естен шығарған емес. Осыған орай мемлекет үшін аз қамтылған азаматтарға қолдау көрсету негізгі міндетке айналып, мемлекеттік көмектің нақтылығы бекітілуі керек және оны алар кездегі талап лайықты қойылуы тиіс. Соңғы жылдары айтылған пікірлердің саналуандығына қарамастан мемлекет қарапайым халықтың алдындағы әлеуметтік міндеттемелерін өте нақты әрі дер мерзімінде орындап келеді. Зейнетақы, жәрдемақы және басқа да әлеуметтік төлемдер кешіктірілмей, дер кезінде беріліп отыр. Мұқтаж отбасылар әртүрлі қолдауларға қол жеткізуде. Мүмкіндігі шектеулі жандарды бағып отырған отбасыларға және көпбалалы аналарға ерекше көңіл бөлінуде. Дүниеге келгенде берілетін бірреттік жәрдемақы мен бала бағуға берілетін төлемдер, көпбалалы аналарға, көпбалалы отбасыларға және мүгедектігі бар балаларды өсіріп отырған отбасыларға берілетін жәрдемақы кешіктірілмей таратылуда. Бұл бағытта атқарылар жұмысты жеделдете жүргізу керек: ең төменгі зейнетақыны кем дегенде 300 (үш жүз) мың теңгеге ұлғайту; зейнеткерлік жасты төмендету: әйелдерді 55 жасқа дейін, ерлерді 57 жасқа дейін; ауыл шаруашылығын дамыту үшін ауыл тұрғындарына субсидияларды қолма-қол беру. Жаңа технологияларды ескере отырып, ауыл шаруашылығын жандандырудың жаңа бағдарламасын әзірлеу; балаларға арналған жәрдемақы мөлшерін ұлғайту. Қажетсіз құжаттарды жинау түріндегі кедергілерді жою; мүгедектігі бар адамдарға жеңілдіктерді арттыру және жыл сайын мүгедектікті растау талаптарын жою сынды аса маңызды міндеттер алдымызда тұр.Мен осы бағыттар бойынша тынымсыз жұмыс істеуді өз міндетім деп санаймын.

ӨЗГЕРІС ӨЗІМІЗДЕН БАСТАЛАДЫ

Қуаныш Сапаұлы ЖАПБАСБАЕВ, «ORDATS» ЖШС қаржылық директоры: – Үгіт-насихат жұмыстары жүйелі жүруде. Сайлаушылармен кездесіп, қазіргі саяси науқанның маңызын түсіндірдік. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында елде орын алып жатқан өзгерістерді сөз еттік.

Сайлауалды бағдарламамда 1993 жылғы Ата Заңды басшылыққа ала отырып, жаңа Конституцияны қабылдау керектігі айтылған. Одан бөлек гранттарды бөлу жүйесін өзгерту қажет. Министрліктер, әкімдіктер ұсынған өтініштер негізінде оқу-ағарту министрлігі гранттар қалыптастырады. Нәтижесінде әрбір грантқа үміткер келешек жұмыс орнын білетін болады және белгілі бір ұйымда 5 жыл қызмет етуге міндеттеледі. Емханалардың жұмысын жүйелеп, медициналық жоғары оқу орындарының түлектеріне мүмкіндік береміз. Яғни, олар 5 жыл жұмыс істегеннен кейін шетелдің озық клиникаларында тәжірибеден өтетін бағдарламаны әзірлейміз. Әйелдердің зейнетке шығу жасын 61 жас етіп қалдырып, әр бала үшін өмір бақи айына 20 000 теңге көлемінде төлем белгілеу арқылы халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартамыз. Келесі кезекте қазақ тілінің мәртебесін көтеру арқылы, жаңа терминдерді зерттеу және енгізу үшін институт құруды қолға аламыз. Сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту үшін, ірі сатып алуларды автоматты түрде бақылауға, қаржы кездері мен табыстың заңдылығын тексеруге мүмкіндік беретін заңнамалық негіздер мен тетіктерді құруға тиіспіз. Сайлауалды бағдарламамның осындай маңызды тұстарын түсіндіру үшін ең алдымен Сарқан ауданына бардық. Әрмен қарай Алакөл ауданына ат басын тіредік. Халық көп жүретін базарларды аралап, мектеп, ауруханаларда болдық. Дәрігер, мұғалім, такси жүргізушілерімен тілдесіп, сұрақтарына жауап бердік. Мемлекетті оң өзгеріске бастау үшін алдымен өзімізді өзгертуіміз керек. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып жұмыс істесек қана еліміз өркендейді, экономикамыз өрістейді.

САЙЛАУ ҚАРСАҢЫНДА

ҮМІТ ПЕН МҮМКІНДІК

БИЫЛҒЫ 19 НАУРЫЗ КҮНІ КЕЗЕКТЕН ТЫС ӨТЕТІН ҚР ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІ МЕН МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫНЫҢ СОҢҒЫ ЖЫЛДАРДА ӨТКЕН САЙЛАУЛАРДАН ӨЗГЕШЕ. ОЛ ӨЗГЕРІСТЕР ӨТКЕН ЖЫЛҒЫ ЕЛІМІЗДЕ КОНСТИТУЦИЯҒА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ БОЙЫНША ӨТКІЗІЛГЕН РЕФЕРЕНДУМ АРҚАСЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫП ОТЫР.

Өзін-өзі басқару жүйесіне жергілікті жерлерде демократиялық жолмен, яғни сайлау арқылы, халықтың қолдауы арқылы келуі керек деген нақты қадам айқындалып отыр. Бұл дегеніміз – ауылдық әкімдерді сайлау және алдағы уақытта аудандық, қалалық әкімдерді сайлау арқылы жүзеге асырылатын болады. Ал, биылғы сайлауда ҚР Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттарының депутаттарын сайлау қалалық және аудандық аймақтарда бірмандаттық сайлау жүйесімен өтеді. Яғни, кандидаттар өзін-өзі ұсыну арқылы сайлауға түсіп, қай кандидат көп дауыс жинаса, сол жеңіске жетіп, халықтың сеніміне ие болады.

Өткен сайлауларға партиялық тізіммен түскен депутаттарды халық танып біле бермейтін. Сонымен қатар ол депутаттар істеген істері жайында халық алдында барып есеп бере қоймайтын. Ал қазіргі жүйе бойынша депутаттар сайлауалды бағдарламасында көрсетілген бағыт-бағдарын, уәдесін орындамаған жағдайда сайлаушылар депутаттық мандатты қайтарып ала алады. Бұл депутаттардың халық алдындағы жауапкершілігін артырады.

Бұл сайлау жастарға, әйелдерге, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға депутат болып жергілікті жерлерде өзін-өзі басқару істеріне араласуға, жаңа көзқарастарымен келіп жаңа тың идеяларын іске асыруға үлкен мүмкіндіктер беріп отыр. Сонымен қатар ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттығына және облыстық, қалалық және аудандық мәслихатқа өзін-өзі ұсыну арқылы келген депутаттарда белсенділік танытып, сайлауалды бағдарламаларын орындай отырып, еліміздің дамуына өздерінің үлкен үлестерін қосады деп ойлаймын.

Қазақстанда бір мандатты округтер бойынша соңғы сайлау 2004 жылы өткен болатын. Кейінгі жылдарда өткізілген барлық деңгейдегі сайлаулар партиялық тізіммен және саяси партиялар арасында өткізіліп жүрді. Уақыт өте келе партияда жоқ азаматтар конституциялық құқығы бұзылғаны жайында арыз шағымдар айта бастады. Себебі олар өздерін депутаттыққа ұсына алмай қалды. Сондықтан елімізде конституциялық реформа өткізіліп, сайлау жүйесі өзгертілді. Онда бір мандат арқылы сайлануға кез келген Қазақстан азаматтары сәйкес талаптар бойынша сайлануға мүмкіндік алды. Мәжіліс деңгейінде 30 пайыз болса, облыс деңгейінде 50-50 ал аудан, қала деңгейінде 100 пайыз мажоритарлық жүйемен яғни өзін-өзі ұсынылу арқылы сайланатын болады.

Самат БЕЙСЕНОВ,
Жетісу облысының аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі.

МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ

АНА – ШАҢЫРАҚ ШЫРАЙЫ, ӘЙЕЛ – ӘЛЕМ АНАСЫ

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев 8 Наурыз мерекесіне орай салтанатты қабылдау өткізді. Салтанатты жиынға медицина, білім беру, спорт, мәдениет, әлеуметтік қорғау, ауыл шаруашылығы, ТҮКШ, қызмет көрсету т.б. салалардың, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, іскер әйелдер, көп балалы аналар, жалпы саны 500 әйел қатысты. Бұл туралы Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Мерекелік жиында облыс басшысы Бейбіт Исабаев әйелдердің отбасындағы, қоғамдағы рөліне ерекше тоқталып, жүрекжарды тілегін білдірді. Сонымен қатар ол Жетісу өлкесінде кешегі Зылиха Тамшыбаева, Бәтима Сақауова, Алтынай Есболатова сияқты тарихи тұлғалардың, ардақты аналардың жалғасты дәстүрі жаңа заманда да үзілген жоқ дей келе, белгілі актер Әлімғазы Райымбековтің аяулы жары Айтжанқызы Гүлжауар ананың есімін ерекше атап өтті.

– Бүгін арамызда 10 бала, 22 немере, 23 шөбере тәрбиелеп отырған, белгілі актер, «Тақиялы періште» фильміндегі Тайлақ рөлімен көптің сүйіспеншілігіне бөленген, күні кеше ғана өмірден озған жерлесіміз, Әлімғазы Райымбеков ағамыздың асыл жары Айтжанқызы Гүлжауар анамыз отыр. Әлімғазы ағамызға Бикен Римова, Әмина Өмірзақова аналарымыз бүкіл Алматыны аралап, елдің сан қиырынан келген сұлулардың арасынан қалыңдық іздеп жүріп, бәрібір таңдауы Гүлжауар апамызға түскен екен. Екеуі жарты ғасыр өмірдің қызығын да, қиындығын да бірге көріп, үлгілі отбасы болды. Қазір Райымбековтер үлкен әулетке айналып отыр. Бүгін залда отырған Гүлжауар апамызға лайықты құрмет көрсетсек дейімін. Мына ақ орамалды Бикен, Әмина апалар Тайлақ-Әлімғазы ағаның қалыңдығына жапқысы келген ақжаулық деп қабыл алыңыздар, – деп Бейбіт Исабаев өзінің ыстық ықыласын білдірді. Көп балалы анаға құрмет көрсетіліп, орамал жабылып, камзол кигізілді.

Мерекелік жиында көп балалы аналарға «Алтын алқа», «Күміс алқа» табысталып, бірқатар әйел-аналар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Салтанатты шара мерекелік концертпен жалғасты.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

СУ ТАСҚЫНЫ ЖАҒДАЙЫ БАҚЫЛАУДА

Кербұлақ және Алакөл аудандарындағы су тасқыны жағдайы тұрақталды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар алаңында өткен баспасөз мәслихатында Жетісу облысы Төтенше жағдайлар департаменті басшысының орынбасары Игорь Жуков мәлімдеді.

5 наурыздағы жағдай бойынша Кербұлақ ауданы, Қызылжар ауданында 4 ауланы су басқан. Оқиға орнына 19 қызметкер мен 6 техника жұмылдырылды. Қазіргі уақытта арық жүйесін тереңдету және тазалау жұмыстары жүргізілуде.

«Жетісу облысы ТЖД-не Кербұлақ ауданы Сарыөзек-Көктал автожолының бойында 9 шақырымдық жерде орналасқан цемент өндіру бойынша «Alacet» зауытының аумағын су басу туралы ақпарат түскен жоқ.

Алайда, әлеуметтік желілерге жүргізілген мониторинг кезінде жұмысшылардың зауыт аумағының беткейдегі ағынды сулардан қалың қар ерігені салдарынан егістік алқаптарынан су басу жүріп жатқаны туралы бейнені түсіріп, жариялағаны анықталды. Қызметкерлердің жұмылдырылуымен еріген қар суын бұру бойынша шаралар қабылданды. Құрбандар мен зардап шекпеген жоқ. Зауытқа да зақым келген жоқ», – деді Игорь Жуков.

Алакөл ауданының Қабанбай және Жайпақ ауылдарында да аула аумағын су басу салдарының алды алынды. Жергілікті жерлерде жеке құрамның 10 қызметкері мен 3 техника жұмылдырылды.

Ал, Ескелді ауданында қардың қарқынды еруі мен арық жүйесінің тазаланбауы салдарынан Жалғызағаш ауылының маңындағы жол бөлігі су астында қалды. Құтқарушылар шұғыл түрде оқиға орнына барып, каналдарды тереңдету және тазалау жұмыстарын жүргізді. Еріген су Биғаш өзеніне транзиттік режимде өтеді.

«Қазгидромет» РМК дауылды ескертуіне сәйкес, жаңбыр түріндегі жауын-шашын болжамына, сондай-ақ, 2023 жылғы 6-8 наурыз аралығындағы кезеңде температуралық фонның жоғарылауына байланысты қардың қарқынды еруі күтілуде. Жетісу өңірінде ерігін және еңіс ағынының қалыптасуы, мұз құбылыстарының әлсіреуі және өзендердегі су деңгейінің көтерілуі, бұл ретте судың төгілуі мен су басуы мүмкін», – деді спикер.

Жалпы, Жетісу өңіріндегі су тасқыны жағдайы бақылауда. Су тасқынының алдын алу үшін ТЖД қызметкерлері азаматтарды канал жүйелері мен аула аумақты тазалап, көмектесуге шақырады.

«АЛАТАУ – АҚПАРАТ»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЗДОРОВЬЕ

ОБСУЖДЕНЫ ВОПРОСЫ ПО ОРФАННЫМ ЗАБОЛЕВАНИЯМ

КАК ПЕРЕДАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА НАУЧНОГО ЦЕНТРА ПЕДИАТРИИ И ДЕТСКОЙ ХИРУРГИИ (НЦПДХ) , В РАМКАХ ДНЯ РЕДКИХ ЗАБОЛЕВАНИЙ В ОНЛАЙН ФОРМАТЕ ПРОШЕЛ ФОРУМ «СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ ДИАГНОСТИКИ И ЛЕЧЕНИЯ ОРФАННЫХ ЗАБОЛЕВАНИЙ».

Цель международного форума - информированная осведомленность и содействие развитию обмена опытом в сфере ранней диагностики, профилактики, лечения и принципов ведения пациентов с редкими заболеваниями.

Организаторы мероприятия: ОЮЛ «Ассоциация помощи пациентам с орфанными заболеваниями в РК», АО «Научный центр педиатрии и детской хирургии» и ОО «Союз педиатров».

В мероприятии приняли участие более 170 врачей со всех регионов Казахстана и зарубежья, представители Министерства Здравоохранения РК, ОФ «Қазақстан Халқына», ведущие специалисты и руководители научных институтов, координаторы по орфанным заболеваниям, а также профессора медицинских вузов.

Форум начался с приветствий Вице-Министра здравоохранения РК Вячеслава Дудника, Управляющего директора ОФ «Қазақстан Халқына» Софии Айсагалиевой, Председателя Правления АО «Научный центр педиатрии и детской хирургии» Абая Кусаинова и Председателя ОЮЛ «Ассоциация помощи пациентам с орфанными заболеваниями в РК» Бахыт Байгалиевой.

Вице-Министр здравоохранения Вячеслав Дудник в своем приветственном слове отметил ряд важных инициатив Минздрава, направленных на улучшение качества оказания медицинской помощи детям с орфанными заболеваниями.

«Научный центр педиатрии и детской хирургии в 2017 году был определен Приказом Министра здравоохранения как центр координации редких болезней. В нашем центре проводится диагностика, лечение, динамическое наблюдение пациентов с такими редкими заболеваниями, как муковисцидоз, болезнь Гоше, мукополисахаридоз, первичные иммунодефициты, наследственные болезни нарушения свертываемости крови и все детские онкологические и гематологические заболевания. Работают республиканские координаторы – врачи нашего центра, которые оказывают основную организационно-методическую, консультативно-практическую помощь регионам по вопросам диагностики и терапии этих пациентов. В 2017 году при Научном центре педиатрии и детской хирургии был создан Общественный совет, куда вошли представители многих общественных и пациентских организаций. Именно работа в этом Общественном фонде стала причиной объединения всех в Ассоциацию. С 2022 года наш центр совместно с Общественным фондом «Қазақстан Халқына» начал совместную работу по обоснованию и обеспечению детей с некоторыми редкими заболеваниями новыми, эффективными, но дорогостоящими лекарственными средствами», сказал Председатель Правления АО «Научный центр педиатрии и детской хирургии» Абая Кусаинов.

Во всем мире проблемам диагностики, лечения, реабилитации детей с редкими заболеваниями уделяется большое внимание. На сегодня известно более 7000 таких заболеваний. Каждая страна устанавливает свои критерии орфанности заболевания, и каждая страна определяет свой путь оказания медицинской помощи пациентам с редкими заболеваниями. Но во всем мире основной движущей силой и инициатором развития тех или иных технологий в области орфанетики были и остаются общественные фонды, пациентские организации. Поэтому инициатором данного форума была Ассоциация помощи пациентам с орфанными заболеваниями в РК.

На сегодня в официальном перечне Орфанных заболеваний (Приказ МЗ РК №142/2020) значится 66 нозологий. Орфанным считается заболевание с распространенностью не более 50 случаев на 100000 населения (Приказ МЗ РК №135/2020). По данным информационной системы «Электронный регистр диспансерного больного» от 1 января 2023 года под динамическим наблюдением специалистов различных профилей состоит более 13000 детей.

Всего за эти 2 дня было заслушано 29 докладов по различным проблемам орфанных заболеваний, среди которых были доклады специалистов из различных медицинских организаций, научных центров и ВУЗов Казахстана, России, Турции, Великобритании. Участникам конференции была предоставлена информациям по организации медицинской помощи в целом детям с редкими заболеваниями, а также по проблемам и маршрутам диагностики, принципам и инновационным методам терапии, реабилитации детей с различными заболеваниями. Были затронуты проблемы и перспективы генетической диагностики тех или иных заболеваний.

В целом, благодаря содержательным докладам, личной заинтересованности каждого участника форму, информированность медицинского сообщества об этих особенных детях была повышена, что в итоге должно привести к улучшению ранней диагностики и своевременной терапии редких заболеваний.

НАШ КОРР.

КРЕДИТЫ

КАК ПОДАТЬ ЗАЯВКИ НА СПИСАНИЕ КРЕДИТОВ И ЗАЙМОВ

Больше 32 тысяч акмолинцев не платят кредиты, полученные в банках и микрокредитных финансовых организациях. Об этом сообщили представители Комитета госдоходов, передает ИА «NewTimes.kz» со ссылкой на «Хабар 24».

На встрече с населением региона, представители Ведомства рассказали о новом законе. С 3 марта жители области смогут подать заявки на списание кредитов и займов, которые они не в силах погасить. При этом сумма долга не должна превышать 5,5 миллионов тенге. Кроме того, у должника не должно быть ни одного платежа по своему долгу перед кредитором или коллекторами в течение последних 12 месяцев.

Согласно закону «О восстановлении платежеспособности и банкротстве», после признания банкротом физлицо больше не сможет получить займ в банках и микрофинансовых организациях.

«Данное законодательство поможет этим людям освободиться от долговых обременений и начать жизнь с чистого листа. В целом семинар направлен для того, чтобы правильно донести людям, потому что среди населения есть неправильное толкование этого законодательства. Поэтому мы людям стараемся донести простыми словами, объяснить и в тоже время провести обучение своим сотрудникам, чтобы они 3 марта могли оказать качественную услугу», — сообщил заместитель руководителя управления Комитета государственных доходов МФ РК Айбол Аманов.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

ҚАДІРІ ҚАШҚАН ҚАРТТАР КӨБЕЙІП БАРАДЫ

«Неменеге жетістің, бала батыр?
Қариялар азайып бара жатыр.
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр» – деп мұзбалақ Мұқағали ақын жырлағандай, бүгінгі қоғамда қарттардың қадірі қашып, оларға деген құрметтің сиыр құймашақтанып бара жатқанын көресің. Осындайда аталы сөздің сананың шаңын қағып, тіліннің ұшына орала кететіні бар. «Құдай бала бер, бала берсең сана бер, сана бермесең ала бер» деп бабалардың бекер айтпағанын түсінесің. Неге бүгінгі қоғамда төрде малдас құрып отырып, өнеге өсиетін айтатын қарттардың орны ойсырады. Әкенің тәлімін-тағылымын, тәрбиесін алған бала, үйдің алтын қазығы атанған ананың ақылын тыңдаған қыз, әке-шешесін қарттар үйіне өткізе ме? Бар гәп тәлім-тәрбиеде болып тұр.

Әйелді еркекпен алыстырған кешегі октябрь революциясы берген тәлім-тәрбие ұлттық идеологияның түп-тамырына балта шауып, солақай саясат жұлынға кірген құрттай кеулеп, баланы әкеге, қызын анасына қарсы қойды. Байырғы үлкеннің алдын кеспейтін, жолдан жолаушы келсе аттан түсіп, қолына су құйып, батасын алатын, құйма құлақ қарттардың өсиетін, бабадан қалған әдеп-ғұрыпты бойына сіңіріп өскен ұрпақты ұлтарақ-қа айналдырды. Бірінші ділінен, сонан соң тілінен ажыратты. Шоқындырды, ит ішпейтін сары сумен, құмыраның ішіндегі жынмен жолдас қылды. Тәуелсіздік алғаннан кейін жоғалғанымыз табылатын болды, өз қолымыз аузымызға жетті деп бөрікті аспанға аттық. Жоқ, жаңылыппыз. Батыстан үлгі аламыз деп жалаңаштандық. Еуропаға еліктеп есімізден тандық. Жаһанданудың жұтқыншағында жыланға арбалған торғайдай жұтылып кеттік. Салт - дәстүріміз дүбәраға айналды. Жат ағымның жетегінде кеткендер қаншама. Қысқа балақты шалбар киіп, жасына жетпей қартайып ұзын сақал қойғандар намаз оқымаған әке-шешелерін кәпір деп үйден қуды. Қазақтың еш салтында әке-шешесін қаңғыртып үйден қуып жіберу, қарттар үйіне өткізу жоқ еді. Қазақ керісінше «Әкең жынды болса байлап бақ» деп тағылым айтқан. Әкеге қол көтеру, шешенің шашынан жұлу, енесін төбесімен жүргізу дәстүрімізде бар ма еді?! Керісінше жетімді асырап бауырға басып, жесірді қаңғытпай панасына алған қазақ едік қой біз. Енді міне екі күннің бірінде бала-шағасынан немесе келінінен жәбір көрген қариялар мен кейуаналар көше кезіп, автобекеттер мен теміржол вокзалдарында түнеп жүргендерін көресің. Неге бұлай деп түбін зертеген блогерлер мен тележурналистерге көбіне балалары мен келіндері қарияның ішетінін не болмаса сабырсыздығын желеу ететіндігін айтады. Тіпті кезінде үлкен қызмет жасағандар да келінмен балаға сыймадым деп қарттар үйіне өздері баратын көрінеді. Қазақтың «орта жолда атың, орта жаста қатының өлмесін» дегені рас екен. «*Бәйбішем дүние салған соң, күнім қараң болды. Немерелерімді сағындым, екі-үш айда бір сұранып баланың үйіне барып, немерелерді иіскеп мауқымды басып келемін. Үйде бала жоқ болса бармаймын да, ұялы телефонмен немерелерге қоңырау шалам*», – деген қарттар үйіндегі қарияның аянышты халін көріп, апыр-ай деп жағамызды ұстаған едік. Осы мәселенің түп төркінінен отбасындағы тәлім-тәрбиенің о баста дұрыс жолға қойылмағанын аңғаруға болады. Әйтпесе үлкен қызметтер атқарған, кезінде аяғы жерге тимей ат үстінде жүрген қарияның қартайғанда балаларына керек болмай қалғанын немен түсіндіруге болады. Балалары да лауазымды қызметтер атқарады. Баласы тұрмақ немерелері министрлікте істейді. Басқаша айтсақ елдің қамын жеген

азаматтар ғой. Ал әкелері қарттар үйінде мейірімнен мақұрым болып отыр. Сонда деймін-ау сол министірлікте не болмаса заң органдарында істейтін әлгі бастықсымақтар әкелерінен іргесін аулақ салып, халыққа қандай үлгі өнеге көрсетеді. Қаңтар айында да келіні үйден қуып жіберген 74 жастағы қария теміржолда түнеп жүр деген ақпарат желіні жарған болатын. Қарияға жаны ашыған теміржол қызметкерлері өздерінің шағын бөлмелеріне кіргізген. Сол жерде 2 күннен бері түнетіп жүргендерін айтқан болатын.

«Келіндері қуып жіберген. Қарияның асқазаны ауырады, тамақ ішпейді. Кім көмектесе алады. Қарттар үйіне баруға келісіп отыр. Сол жаққа орналастыруға қолұшын созсаңыздар. Бала-шағасы бар, бірақ тастап кеткен», – дейді бейнежазба авторы. Кейін қария өзін толық таныстырады. Айтуынша 1949 жылы туған. Есімі Жусанбай Оңғарбаев. Шу қаласының тұрғыны екен. «*Туысқандары танып жатсаңыздар көмектесіңіздер. Баласы Алматыда дейді, аты-жөні Оңғарбаев Айдын. Ештеңе жеген жоқ. Тек ұйықтай береді»*, – деген бейнежазбаға жазылған пікір көп. Басым бөлігі әке-шешенің қадірін білмеген ұрпақты сынға алуда. Тіпті арасында үйіне алуға ұсыныс қалдырғандар да бар болып шықты. Басқа басқа ауру қарияны үйден қуған келін көгеріп көктей ме?! Қарияның баласы әкесіне араша түсе алмаса, оның несі бала. «Әкеңе не істесең алдыңа сол келеді» деген тәмсілді, әйелінің ырқынан шыға алмаған баласы сезінді ме жоқ па ол жағы бізге беймәлім.

Әңгіменің түп төркіні тәлім-тәрбиеден деп отырмыз ғой, ендеше бабалар сөзіне бір зер салып көріңіз.

– Елді кім, үйді кім бүлдіреді? – деп сұрапты қарт немересінен.

– Ата елді өсекші бүлдіреді, үйді ақылсыз бала бүлдіреді.

– Жоқ, балам олай емес! Есіңде болсын ақылсыз басшы елді бүлдіреді, ақылсыз әйел үйді бүлдіреді... Демек, кезінде қызмет жасап, қазір қарттар үйін паналаған басшы елді емес тәлім-тәрбиені бүлдірді. Оның ақылсыз әйелі үйді бүлдірді.

– Әкім ақылсыз болса, ел тозады. Өсек әкімді өсірмейді. Өсекті тыңдау әкімге жараспайды, өсиетті тыңдамау тақтағы ханға жараспайды, – депті қария.

– Үйдегі алтын қазық кім, – депті қарт.

– Ата үйдегі алтын қазық ер жігіт, – депті немересі.

– Жоқ балам, үйдегі алтын қазық – ана. Ана ақылды болса, бала дана болады. Ана тәрбиесі қызға үлгі, әке тәрбиесі ұлға үлгі. Ана – ақылшың, әке – қамқоршың, ағаң – қорғаушың, інің – сүйенішің, қарындасың – қанатың екенін ұмытпа. Ананы сыйламағанның ақылы кем, әкені сыйламағанның жақыны кем. Ананың мейірімі көзінде, ықыласы көңілде. Ақылы сөзінде, – дейді қарт.

– Өмір сүру үшін не қажет? – депті қарт.

– Ата, өмір сүру үшін алтын, ақша, нан, мал қажет, – депті бала.

– Жоқ балам, адамның өмір сүруі үшін су, от, тұз, қыз, ақыл қажет. Су – тіршіліктің нәрін береді, от – өмірдің сәнін береді, тұз – астың дәмін келтіреді, қыз – көңілдің сәнін келтіреді, ақыл – өмірдің мәнін береді. Адам ақылмен ағайынды табады, ақылсыз адам ағайыннан безеді – депті қарт.

– Шындықты не бұзады? – депті қарт.

– Ата, шындықты тіл бұзады, – дейді немересі.

– Дұрыс балам, шындықты тіл бұзса өкіниші көбейеді не өсек көбейеді. Шындықты білу қиын, айтылған сөзді тоқтату қиын. Адал адам шындықты білсе өсек қылады. Өсек ерді бұзады. Өсекті көп айтқан шындықты білмейді, шындықты білген өсекшіге ере бермейді. Өмірде шындықты өсек бұзады, – депті қарт. Адамға ақыл беретін кімдер? – депті қарт.

– Ана тілі ғой ақыл беретін, – депті немересі.

– Жоқ балам, ана тілі ойды өсіреді. Адамға ақыл беретін ата-ана, ұстаз, досы екенін ұмытпа. Ата-ана ақылын баласы мен қызына айтады, ұстаз шәкіртіне айтады. Жақсы ақыл адамды тез есейтеді. Адамға ақыл беретін адал дос. Адал дос ақылшың, ақылшы

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

дос жақының. Досы көптің табысы көп, табысы көптің жақыны көп. Достықтың көзі ақылдан басталады, – дейді қарт сонда.

– Адамның ақылы қайда? – депті қарт.

– Адамның ақылы тілінде, – депті жігіт.

– Жоқ балам, тіл ақылдың айнасы, ақыл істің пайдасы. Есіңде болсын, ханның ақылы тағында, әкімнің ақылы жанында, ғалымының ақылы басында, анананың ақылы жасында, жігіттің ақылы жақсылығында, ақымақтың ақылы кім көрінгеннің қалтасында – депті». Міне, осындай бабалар сөзі кезінде қызмет атқарған, бүгінде қарттар үйін паналаған кейуаналар мен қариялардың отбасында тұрақты айтылып тұрмағандықтан кесірін қартайғанда көріп отыр.

Тағы бір 80 жасқа таяған ақсақал қарттар үйіне қалай тап болғанын, «Сұрауы бар» бағдарламасында айтып берді. Сексеннің сеңгіріне шыққан Батырхан Балтин Астанадағы жеке меншік қарттар үйлерінің бірін паналапты. Ол өзін алақанында ұстап, жақсы күтім жасаған ұлы көз жұмған соң, басқа балаларына салмақ салғысы келмеген. Неге өзге балалары қарияны қамқорлықтарына алмады? Неге үлкен кісіден жалт бұрылды? Үлкен баласы көрсеткен қамқорлықты өзге балалары неге көрсете алмады? Батырхан Балтин үш жасында әкеден жетім қалған. Тағдыр тауқыметіне мойымаған ол еңбек етуден қашпай, түрлі орден марапатқа ие болған. Тіпті өзінің авторлық кітабын да жарыққа шығарған. Алайда соңғы бір жарым жылын қарттар үйінде өткізген қарт: «*Осыдан 15 жыл бұрын жұбайым қайтыс болды. Екеуміз елу жыл бірге өмір сүрдік. Ең үлкен қызымыз да ауырып, 52 жасында көз жұмды. Ол қызым журналист еді. Мен сегіз бала көрдім. Оның бірі – қыз, қалғаны – ұл. Тағы бір ұлым қайтыс болды, енді*

үшеуі қалды. Ең үлкен ұлымның бес баласы бар. Үш рет үйленген. Қазір әйелі жоқ, жалғыз тұрады. 57 жаста, кіші емес қой. Одан кейінгі ұлым 52 жаста. Оның әйелінің інісі инсульт алып, ерекше күтімді қажет етеді. Әйелі інісінің қасында. Ең кіші ұлым орыс тілінде жаңалықтар жүргізеді. Әйелі – кәріс. Өзінен он жас үлкен. Ол үйленді деп біз бір табақ ет аспадық. Олар да бізді бір табақ етке шақырмады. Әрбір балама: «Сен мына қызға үйлен», – деп айтқан жоқпын. Айтпаймын да... Бұдан басқа балаларыма қазақтың салтымен той жасайтынбыз. Әйтеуір, қосылды ғой... Ет асуды білмейтін болар, шайға да шақырған жоқ. Осыдан екі жыл бұрын қайтыс болған Еркін деген балам келініммен бірге алақанда ұстады. Мен де ешкімге бағынышты болмай, 80 жасқа дейін жұмыс істеп, еңбекақы алып келдім. Аяқ асты балам қайтыс болған соң, мені күтетін ешкім болмай, осында келдім. Бұл үй ашылғанда алғашқылардың бірі болып келгенмін. Бір жарым жыл болды, осындамын. Балаларымды, үлкен немерелерімді оқыттым», – деген қарияның бір немересі білдей бір министрлікте қызмет атқарады. Келіндерінің бірі журналист. Үлкен баласы үш рет шаңырақ құрып, аяғында әйелсіз қалған. Оның бес баласы бар. Немерелеріде қарияны іздемейді екен. Міне, бабалар сөзіндегі ақылдың кімге қежет екенін осыдан-ақ пайымдай беріңіз. Осындай тағы бір сойқан жаңалық ғаламторды шулатты. Естігенде естен тандық. Үш ұл мен қызды тәрбиелеген қария, қартайғанда бала-шаға мен немерелерінің ортасында отырмай қарттар үйін паналауға мәжбүр болған. Жалғыз басты қария 48 жылдан бері пәтер жалдап, жалғыз өзі тұрыпты... Ақсақалдың балалары анау-мынау емес заң саласының қызметкерлері екен. Қариямен кездейсоқ кездесіп қалған көлік жүргізушісі оны видеоға түсіріп алған. Сол видеоролик фейсбук парақшасында тарады. «*Жаңа бір ата Қарағандыға бармайсың ба, балам деді. Соған көмектесіп жатырмын. Неге көшіп жатқанын сұрасам, балалары қарттар үйіне жіберіп жатыр екен. Масқара иә?, – дейді ер адам.* «*Ақсақалдың айтуынша, өзі заңгер мамандығы бойынша оқыған. Балаларының барлығы әке жолын қуған. Үлкен ұлым Қарағанды облысында тергеуші. Екінші ұлым прокурор, – дейді зейнеткер. Үш ұл, бір қызды тәрбиелеген қарт перзенттерінен қайыр жоқ екенін алға тартады. Айтуынша, ұлдарын 6 жылдан бері көрмепті. Қызымен де жүздеспегеніне бірнеше жыл болған. Қария 48 жылдан бері жалдамалы пәтерде тұрып келген. Жұбайы қайтыс болған*». Бұл видеороликті көрген желі қолданушылары қарттар үйін паналауға мәжбүр болып отырған қарияға жанашырлық танытып, перзенттеріне сана беруін тіледі. *«Жетесіз балалардан Құдай сақтасын», «Бүйтіп артына ұрпақ қал-дырмай-ақ қойғаны жақсы. Жанашыр жансерігі – кемпірі де ерте кетіп қалыпты-ау», «Алла сақтасын! Бала берсең, сана бер деген осы екен», «Алла тағала сізге жар болсын», «Алла жаза-сын оңдырмай береді. Бірақ ол кезде кеш болады», «Елдің ортасында әкесін үкі-метке өткізіп, ел тізгінін қалай ұстап отыр?» деп жазды желі қолданушылары.* Бұл видеоны көзі шалған ҚР Парламентінің экс депутаты (қазір сайлауға қайта түсіп жатыр) Қазыбек Иса бірінші болып үн қатты. Экс-депутат әкесін қарттар үйіне өткізіп отырған үш ұл мектепті орысша оқығаны анық деп санайды. «*Әкесін қарттар үйіне өткізіп отырған үш ұлы да мектепті орысша оқығаны анық! Өйткені 15-20 жыл бұрын менің тапсырмаммен «ҚАЗАҚ ҮНІ» газетінің журналистері Алматыдағы қарттар үйіне сауал жасағанда, қарттар үйіндегілердің 97 пайызы орыс мектептерінде оқыған болып шықты... Қарттар үйіне кетіп бара жатқан бұл қарияның Қарағандыдағы тергеуші, Абай қаласындағы прокурор, Алматыдағы заңгер ұлдарының аты-жөндерін анықтау керек! Ол үшін осы видеоны барынша таратайық! Үш ұлына олардың балалары да қарттар үйінен орын дайындап қойған болар. Өйткені, әке-шешеңе не істесең, алдыңа сол келеді! «Әкең жынды болса байлап бақ» деген дана қазақ*, – деп жазды Қазыбек Иса өзінің фейсбук парақшасында. Бүгінгі қоғамның кескін-келбеті кішінің үлкенге деген құрметінің қай деңгейде екенін көрсетіп тұр. Адам баласы Құдайдан не үшін ұрпақ сұрайды. Егер қартайғанда сол бала-шағасының қызығын көрмесе. Неге білдей бір министрлік пен тергеуші прокурорлар әкелерін қолдарына алғысы келмесе жеке пәтер алып беріп күтуші жалдамайды. Оларға не жетпейді. Онымен қоймай қоғамды шулатып, балаларының мейірімсіз екендері жайлы әлемге жар салған әкелеріне ренжіп жүрген шығар. Орыс тілді тәрбие алғандар ғана осындай опасыздыққа барады дегенге өз басым сенбеймін. Таза қазақи отбасында тәлім-тәрбие алғандар да әке-шешелерін қарттар үйіне қуалап жүр. Сенбесеңіз қарттар үйіне барыңызшы, 90 пайыз қазақтар. Олардың тағдыры алуан түрлі. Тілдескенбіз, сырласқанбыз. Жан-дүниеңді сыздатады. Астана қаласындағы жекеменшік қарттар үйінінің басшысы Аманжол Қасымқызы «Сұрауы бар» жобасына берген сұхбатында балалары қымбат көлікпен әкеліп тастап, әкелерінен бас тартады дейді. Қарттар отбасын сағынып жылайтынын, соларды жұбатумен әлек болатын айтады. «*Мысалы, біреулердің кредиті бар, біреулер жолдасымен дұрыс тұрмайды. Біреулерге әке-шешесі кедергі болады. Көбісі отбасылық жағдаймен бізге бас тірейді. Өмірде қаншама жағдай бар. Кейде қарттар жылап, теміржол вокзалдарына түнейді. Қарттарымыз көшеде қаңғырып қалмасын деп, өз ниетіммен аштым*», – дейді Аманжол Қасымқызы. Қарттар үйі басшысының айтуынша ол бұл мекемені табыс көру үшін емес, мейірім сыйлау үшін ашқан. «*Мен табыс көрейін деп, қызығушылықпен ашқан жоқпын. Өзімнің мамандығым бойынша аштым. Бұл жерден ешқандай бизнес көріп тұрған жоқпын. Тұрып жатқан үйді жалға алдық. Ай сайын 600 мың теңге төлейміз. Одан бөлек, жұмыскерлерге жалақы береміз. Олардың тамағы, қажетті дүниелері бар... Өз балалары берген ақша қарттардың өзіне жұмсалады. Мемлекеттен көмек жоқ. Қарттар үйін ашқанда түрлі әкімдіктерге бардым. Ешкім ешқандай көмек бере алмайтынын айтты»*, – деген Аманжол Қасымқызы ашылғанына үш жылдың жүзі болып қалған қарттар үйіне ата-анасын алып келіп, қайта алып кеткендердің көп екенін айтады. Отбасылық жағдай, қаржылық мәселе көп деген қарттар үйінің басшысы «*Әке-шешесінің жағдайын сұрап, қымбат көліктермен келетіндер бар. Олар әке-шешелерін алып кетуге талпынбайды да*», – дейді. Бұл қазақ қоғамы үшін үлкен трагедия. Бағып-қағып білім беріп ұлды-ұяға, қызды қияға қондырғанда, өз қолдары өз аузына жеткен балаларының ата-ана қадірін білмей қарттар үйін паналатып жүргендері ақылсыздықтарынан ба? Бірақ ақылсыз адам билікте министр, прокурор, тергеуші болып отыр-майды емес пе. Мейлі ол мың жерден орыс тілді тәрбие көрсін қанында қазақ менталитетінің тамшыдай түйірі болса, оның сұрауы барын білмейді емес, біледі. Қанша жерден таршылық, несие деп күн көріс қиындаса да ата-ананы жылатып, екі көздерін мөлдіретіп қарттар үйіне паналату қазаққа жат дүние. Қымбат көлік мініп ойқастап жүргендердің де әл-қуаты кемір, көз жанарлары су алар, бойындағы күш-жігерлері сарқылар сол кезде олардың да балалары қарттар үйіне апарып тастағанда сезінер қандай қателік жасағандарын. Өйткені «балапан ұяда не көрсе ұшқанда соны іледі» деген аталы сөз бар. Әке-шешесін қарттар үйіне тығып қойып, анда-санда барып қал жағдайын біліп тұру деген саналы адамға жарасатын тірлік пе? Ауру болса емдеп, аузына су тамызып, баладай күтіп баптаған талай келіндер, сол қариялардың ақ батасын алып, ақтық сапарға шығарып салып көктеп-көгеріп отырған жоқ па. Қамшының сабындай қысқа ғұмырда, үлкенге жасаған құрметіңді бала-шағаң алдыңнан шығарарын әке-шешесін үйден қуып жүрген баласы мен келіні білмейді емес біледі. Қай өңірдің қарттар үйі болсын барсаңыз көздерінен бір мұң, қабақтарынан қайғының бұлтын көресіз. Оларға мың жерден әлеуметтік жағдай жасап, төрт мезгіл тамақ беріп жайлы төсек салып берсеңде өз үйіндей бола алмайды. Ал қара шаңырақтарында балашағасының ортасында отырып, қатықсыз бір кесе қара су ішсе де соған пейілдері тоқ болар еді. Немерелері ата-апа деп мойындарына асылып отырса жараспас па еді. Неге біздің қазақ балалары, келіндері осыны әлі күнге түсінбейді. Қызметте жүрміз қартқа көңіл бөлетін уақыт жоқ дейтіндерге сендер кімге үлгі көрсетіп жүрсіңдер дейтін едім. Мемлекет қарттарға қарсы қатал заң қабылдау керек. Әке-шешесін қарттар үйіне өткізген балаларға шара қолданып, абақтыға тоғытуға дейін шара қолдану керек. Бұлай жасамаса қазақ қоғамында тастанды баламен қараусыз қарт көбейе бермек. Әке-шешесін қарттар үйіне беріп, өздері жайдары өмір сүріп жүрген балалары неге тайраңдап жүруі керек?!

Айтақын МҰХАМАДИ
Суреттер ғаламтордан алынды.

Дүйсенбі - Понедельник, 13 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25 «Күй-керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 00.35 Ақпарат
10.10, 18.00 Т/х «Махаббат тұтқыны»
12.00, «Өмір көркем»
13.10 «Жат бауыр»
14.10 «Қызық екен»
15.10 «Апта»
16.00 «Ақорда»
16.10 телехикая «Айман-Шолпан»
17.15 Бірегей
20.35 «Ашық алаң»
22.30 «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
01.10 «Өмір көркем»
02.10 «Ауылдастар»

ХАБАР

05.00«Қызық таймс»
06.00 «Жұлдызжды жекпежек»
07.00 «Оян!»
10.00 «Бақыттың кілті»
10.30 Бір кілт
10.35 Мультфильм
12.00, 20.00 «Үкім»
14.00 «Айналайын»
15.00 «Кража»
17.00 «Бегом за денгами»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.15 Біздің мақсат
21.45 «Құсайыновтар.Өмір жолы»
22.45 Кино «Вопреки судьбе»

АСТАНА

06.00 «Сарай жауһары»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00 «Жұлдызды жекпе жек»
11.00 «Үздік әзілдер»
11.40 Ұлым
15.40, 00.00 «Практика 2»
17.55 Ащы шындық
20.00 «Astana Times»
21.00 «Ессіз махаббат»
21.55 Т/х «Тағдыр талқысы»
01.40 Сериал «Улыбка пересмешника»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Ең алғашқы»
07.00, 03.30 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00«Жить здорово»
10.50 «Бойся»
14.10, 02.00 Новости
14.20, 02.05 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.05, Басты жаңалықтар
19.00, 02.20 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Контейнер»
00.45 Начальник Разведки
01.40 «По ту сторону волков»

КТК

07.05 «Дау-дамайсыз»
07.30 «Сүйген жүрек»
08.00 Әулеттер тартысы
09.30 «Было дело»
10.50, 01.20 Волк
12.40 Пес-5
15.00 «Расплата за любовь»
17.00, 02.10 «Адасқан қыз»
18.15, 02.05 «Қыл үстіндегі тағдыр»
19.30,03.50, 04.20 Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.05 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.30 «Ты меня некогда не забудешь»
23.35 «Отступники»
01.15 Волк
04.10 «КТК қоржыны»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Әсем әуен»
11.30 «Эко-рейд»
12.00 «Әдебиет пен адамзат»
12.35 М/ф «Татонка»
13.00 «Ел қамы»
13.30 «Қазақ үні»
14.00 Д/ф «Таңғажайып табиғат»
14.25 «Жүрек сөзі»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.30 Новости
16.50 «Тарихнама»
17.00 Д/ф «Кең ауқымда»
17.25 «Әсем әуен»
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
18.35 «Сайлау-2023»
18.45 «Выборы-2023»
19.00 «Өзекті»
19.30 «Жанашыр»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Сайлау-2023»
22.05 «Кэ Бэк» телехикаясы
22.40 «Выборы-2023»
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Д/ф «Кең ауқымда»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 02.30 Әзіл студио
06.50 Три гавкатера
08.20 Фильм Эллиот
10.00 «Листопад»
10.50 «31 әзіл»
11.30 «Городские легенды»
12.30 Мультфильм
13.00 Знакомство с родителями
15.30 Фильм Спецназ города ангелов
18.10 Доспехи бога
20.00 Информбюро
21.00 Х/ф «Жапырақтар төгілгенде»
21.50 «Человек в железной маске»
00.00 Особое предупждение
01.00 «Анупама»
03.50 1001 әзіл
04.00 Bala Battlle

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.10,23.20 Т/х Әкесінің баласы
07.20 Т/х «Сезім симптомдары»
08.00 «Мезгілсіз сезім»
09.00 «Женщина его мечты»
09.30 «Измайловский парк»
12.00 «Q-елі»
13.00 «Қызыл алма»
14.00, 22.30 «Жалдамалы әйелдер»
15.00, 00.30 «Обычная женщина»
16.00 Девушки с Макаровым
17.00 Семейные узы
18.00 «Эксперт»
20.00 «Медиатор»
21.00 «Сәке»
21.30 Солдат пен салауат
01.20 Келесі кім
02.10 «Тамаша 7 км»
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 «Жеңіп көр»

Сейсенбі - Вторник, 14 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25 «Ақпарат»
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 01.35 Ақпарат
10.10, 18.00 Т/х «Махаббат тұтқыны»
12.00 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 «Жат Бауыр»
13.25 Асыл Ана
14.10 «Қызық екен»
15.10 «Бірегей»
16.00 «Айман Шолпан»
17.15, 01.15 «Ауылдастар»
20.35 «Ашық алаң»
21.30 Жат бауыр
22.30 «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
01.50 Футбол

ХАБАР

05.00«Қызық таймс»
06.00 «Жұлдызды жекпежек»
07.00 «Оян!»
10.00 Уәде
10.30 «Одна книга»
10.05, 10.30 Мультфильм
12.00, 20.00 «Үкім»
14.00 «Айналайын»
15.00 Сериал «Вопреки судьбе»
17.00 «Бегом за денгами»
18.00 Новости
18.15 Ток шоу.Итоги
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.15 Біздің мақсат
21.45 «Құсайыновтар»
22.45 «Айка»

АСТАНА

06.00 «Сарай жауһары»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Ащы шындық»
11.20 «Үздік әзілдер»
11.40 Ұлым
13.40 Қара шаңырақ
15.40, 00.00 «Практика-2»
20.00 «Astana Times»
21.00 «Ессіз махаббат»
21.55 Т/х «Тағдыр талқысы»
01.40 Улыбка пересмешника

ЕВРАЗИЯ

06.00«Ең алғашқы»
07.00, 03.50 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00«Жить здорово»
10.45 «На самом деле»
11.30 Мужское/женское
12.20, 01.45 По ту сторону волков
13.15 Татьянин день
14.10, 02.00 Новости
14.20, 02.05 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.05, Басты жаңалықтар
19.00, 02.20 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Контейнер»
00.15 «Начальник разведки»
01.10 «Краткий курс счастливой жизни»

КТК

07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 Бәрі есімде
08.00 «Әулеттер тартысы»
09.30 «Вечерние новости»
10.10 Пес-5
11.00, 01,20 «Волк»
13.00, 23.40 Отступники
15.00 , 21.30 «Ты меня никогда не забудешь»
17.00 «Адасқан қыз»
18.15, 02.05 «Қыл үстіндегі тағдыр»
19.30,03.50, 04.20 Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.05 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Өзекті»
11.30 «Жанашыр»
12.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
12.35 М/ф «Татонка»
13.00 «Ел мен жер»
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.15 «Әсем әуен»
14.30 «Дәрігер кеңесі»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.30 Новости
16.50 «Тарихнама»
17.00 «Қазақ үні»
17.30 «Әсем әуен»
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 «Сегодня» (Қонаев)
18.35 «Сайлау-2023»
18.45 «Выборы-2023»
19.00 «Өзекті»
19.30 «Алаш таңы»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Сайлау-2023»
22.05 «Кэ Бэк» телехикаясы
22.40 «Выборы-2023»
22.45 «Әсем әуен»
23.00 «Талқы»
23.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.10 Әзіл студио
07.10 Информбюро
08.00, 05.00 «Ризамын»
08.30 Сериал «Пиноккио»
09.35 «Күліп ал»
10.00 «Листопад»
10.50 «31 әзіл»
11.30 «Городские легенды»
12.50 Человек в железной маске
13.30 Кино «Очень плохая училка»
15.30 Кино «Доспехи бога»
17.40 Доспехи бога-2
20.00 Информбюро
21.00 Х/ф «Жапырақтар төгілгенде»
21.50 «Центурион»
01.00 «Анупама»
01.40, 04.30 What`s up?
03.50 1001 әзіл
04.00 Bala Battlle

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.10 Т/х «Әкесінің баласы»
07.20 Т/х «Тақиясыз періште»
08.00 «Мезгілсіз сезім»
09.00 «Эксперт»
11.00, 20.00 сериал «Медиатор »
12.00 Q-елі
12.30 Солдат салауат
13.00, 21.35 «Тақиясыз періште»
14.30 Шап шаншар
15.30, 22.30 «Жалдамалы әйелдер»
16.30, 00.30 «Девушка с макаровым»
18.00 «Семейные узы»
21.00 «Сәке»
01.20 Келесі кім
02.10 «Тамаша 7 км»
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 «Жеңіп көр»

Сәрсенбі - Среда, 15 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25 «Ақпарат»
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 01.35 Ақпарат
10.10, 18.00 Т/х «Махаббат тұтқыны»
12.00 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 «Жат Бауыр»
13.25 Асыл Ана
14.10 «Қызық екен»
15.10 «Бірегей»
16.00 «Айман Шолпан»
17.15, 01.15 «Ауылдастар»
20.35 «Ашық алаң»
21.30 Жат бауыр
22.30 «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
01.50 Футбол

ХАБАР

05.00«Қызық таймс»
06.00 «Жұлдызжды жекпежек»
07.00 «Оян!»
10.35 Мультфильм
11.35 Дала ойындары
12.00, 20.00 «Үкім»
14.00 «Айналайын»
15.00 Вопреки судьбе
17.00 «Бегом за денгами»
18.00 Жан анам
21.45 «Құсайыновтар»
22.45 «Другая я»

АСТАНА

06.00 «Сарай жауһары»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00 Ащы шындық
11.00 «Үздік әзілдер»
11.40 Ұлым
13.40 Қара шаңырақ
15.40 Практика 2
21.00 «Ессіз махаббат»
21.55 Т/х «Тағдыр талқысы»
02.00 Улыбка пересмешника

ЕВРАЗИЯ

06.00«Ең алғашқы»
07.00, 03.50 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00«Жить здорово»
10.45 «На самом деле»
11.30 Мужское/женское
12.20, 01.45 По ту сторону волков
13.15 Татьянин день
14.10, 02.00 Новости
14.20, 02.05 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.05, Басты жаңалықтар
19.00, 02.20 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Уцелевшие»
00.15 «Начальник разведки»
01.10 «Краткий курс счастливой жизни»

КТК

07.05 «ЖАңалықтар»
07.30 Бәрі есімде
08.00 «Әлеттер тартысы»
09.30 «Вечерние новости»
10.50 Пес-5
13.00, 23.40 Отступники
15.00 , 21.30 «Ты меня никогда не забудешь»
17.00, 02.10 «Адасқан қыз»
18.15, 02.15 «Қыл үстіндегі тағдыр»
19.30 Кешкі жаңалықтар
04.10 КТК қоржыны

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Өзекті»
11.30 «Алаш таңы»
12.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
12.35 М/ф «Татонка»
13.00 Д/ф «Ғажайып мәдениет»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Сегодня» (Қонаев)
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.30 Новости
16.50 «Тарихнама»
17.00 «Ділмар»
17.30 «Әсем әуен»
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир (Жетісу)
18.35 «Сайлау-2023»
18.45 «Выборы-2023»
19.00 «Өзекті»
19.30 «Архивтегі ақиқат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Сайлау-2023»
22.05 «Кэ Бэк» телехикаясы
22.40 «Выборы-2023»
22.45 «Әсем әуен»
22.55 23-блок
23.00 Д/ф «Кең ауқымда»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.10 Әзіл студио
07.10 Информбюро
08.00, 05.00 «Ризамын»
08.30 Сериал «Пиноккио»
09.35 «Күліп ал»
10.00 «Листопад»
10.50 «31 әзіл»
11.30 «Городские легенды»
12.50 Человек в железной маске
13.30 Кино «Доспехи бога 2»
15.30 Кино «Центурион»
17.40 Астерикс и Абеликс
20.00 Информбюро
21.00 Х/ф «Жапырақтар төгілгенде»
22.00 Дыши во мгле
01.00 «Анупама»
01.40, 04.30 What`s up?
03.50 1001 әзіл
04.00 Bala Battlle

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.10 Т/х «Әкесінің баласы»
07.20 Т/х «Тақиясыз періште»
08.00 «Мезгілсіз сезім»
09.00 «Эксперт»
11.00, 20.00 сериал «Медиатор »
12.00 Q-елі
12.30 Солдат салауат
13.00, 21.35 «Тақиясыз періште»
14.30 Шап шаншар
15.30, 22.30 «Жалдамалы әйелдер»
16.30, 00.30 «Девушка с макаровым»
18.00 «Семейные узы»
21.00 «Сәке»
01.20 Келесі кім
02.10 «Тамаша 7 км»
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 «Жеңіп көр»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

САЛТАНАТТЫ ШАРА

Көркем жандардың көрікті мерекесі

Ақсу аудандық орталық ауруханасының «Ақниет» кәсіподақ ұйымы ару көктемнің алғашқы мерекесі 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай мерекелік кеш ұйымдастырды.

Салтанатты шарада аурухана директоры Салтанат Мықтыбаева медицина саласында еңбек етіп келетін әйелдер қауымын мерекелерімен құттықтап, жүрекжарды лебізін білдірді.

– Шығыс ойшылы Конфуций «Адамзатқа шапағат жасау – мейірімділік пен батырлықтың шыңы» деген екен. Ендеше дәл осы философиялық тұжырым Сіздер сияқты өз істеріне адалдық, ержүректік, қажырлылық танытқан абзал жандарға қаратылып айтылса керек.

Аяулы медицина қызметкерлері! Сіздерді көктем мезгілінің шуақты мерекесі – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймын. Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс пен парасаттылық тілеймін, – деді Салтанат Жексембекқызы.

Мерекелік кеште «Сенім» кәсіподақ ұйымының төрайымы Бағлан Сейтқожанова, «Ақниет» кәсіподақ ұйымның төрайымы Рита Жексенбекова да өздерінің жылы лебіздерімен бөлісіп, сыйлықтарын табыс етті.

Шуақты мерекенің жалғасы көктем жүректі көркем жандардың мерекесіне орай дайындалған концерттік бағдарламаға ұласты.

Ақсу аудандық орталық ауруханасының баспасөз қызметі.

БАСПАНА

Сарқан ауданында «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында салынған екі қабатты, 20 пәтерлі тұрғын үйдің кілті салтанатты түрде табысталды.

ҚУАНЫШҚА КЕНЕЛДІ

«Болашақ» ықшамауданында мемлекеттік бағдарлама аясында салынған жалгерлік үйдің лентасын аудан әкімі Ғалымжан Қанатұлы қиып, қоныстоймен құттықтады. Көпқабатты жаңа тұрғын үйден ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаға 4 пәтер, I, II топтағы мүгедек жанға – 6, мүгедек баланы тәрбиелеуші отбасыға – 2, көпбалалы отбасыға – 1, толық емес отбасыға – 4, зейнеткерге – 1, Ауған соғысының ардагеріне – 1 және тұрғын үйі авариялық жағдайдағы отбасыға бір пәтер берілді.

– Мен бүгін баспана кілтін алып, үлкен қуанышқа кенелдім. Осы қуанышты сәтті көп күттім. 10 жылға жуық жалдамалы үйде тұрып келдім, тумасынан мүгедек балам бар. Енді жаңа серпінмен, ақ нетпен киелі шаңырағымызға кіріп отырмын. Осындай қуаныштың себепшісі болған барша аудан азаматтарына алғысымды айтамын, – деп ағынан жарылды жаңа үйдің иесі Гүлдархан Ерғалиева.

Берілген тұрғын үй заман талабына сай жасақталып, барлық коммуникациялық желілерге қосылған. Сондай-ақ, балалар ойнайтын алаңқаймен қоса автокөлік тұрағы да қарастырылған. Жалпы, 2 қабатты, 20 пәтерлі тұрғын үйді салуға 336,040 млн. теңгеден аса қаражат бөлінген. 2022 жылдың өзінде ауданда 10,389 шаршы метр болатын тұрғын үй салынды. Айта кету керек, биыл «Болашақ» ықшамауданында тағы да 5 қабатты, 60 пәтерлі 2 тұрғын үйдің құрылыс жұмыстары басталмақ.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

МАМАН МІНБЕРІ

МҰҒАЛІМ – МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ

КӨП МАМАНДЫҚТЫҢ ІШІНДЕГІ ЖАН-ЖАҚТЫ БІЛІМДІЛІКТІ, ИКЕМДІЛІКТІ, ШЕБЕРЛІКТІ, МЕЙІРІМДІЛІКТІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН МАМАНДЫҚ ҰСТАЗДЫҚ. ОЛАЙ ДЕЙТІНІМІЗ МҰҒАЛІМ ЕҢБЕГІ БІРІНШІДЕН АДАМЗАТ ТАРИХЫНДА ЖИНАҚТАЛҒАН ҒЫЛЫМ НЕГІЗДЕРІНЕН БІЛІМ БЕРУ ТИІС БОЛСА, ЕКІНШІДЕН ҮНЕМІ ШӘКІРТТЕРІМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТА БОЛЫП БІЛСЕМ, ҮЙРЕНСЕМ ДЕГЕН БАЛА АРМАНЫМЕН ОНЫҢ СЫРЛЫ ТАҒДЫРЫНА БАСШЫЛЫҚ ЕТУДІ МОЙЫНА АЛҒАН МАМАН.

Ұстаз атана білу оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау әрбір мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өз жұмысына деген сүйіспеншілігі ғана оны небір қиын әрекеттерге жетелеп, әрбір іске батыл кірісуге септігін тигізеді. Мұғалім болу туа біткен дарындылық, қасиет деп айтсақ болады. Неге десеңіз орта жолдан мұғалімдікті таңдаған адамдар өмірінің соңына дейін мұғалім бола алмайды, немесе мұғалімдіктен екінші күні бас тартып жатады.

Мұғалім болу бірінші баланы сүю, жақсы көру, екінші баланың болашағына үлкен жауапкершілікпен қарау. Сондай-ақ, ұстаз алдындағы шәкірттеріне үлгі болу керек. Үлгі бола алмаған мұғалім ешқандай нәтижеге қол жеткізе алмайды. Өйткені одан үнемі балалар теріс айналады. Мұғалім өзінің мамандығын яғни, кәсібін толық меңгеруі керек. Қоғамда ұстаздардың жан-жақты дамуына, кәсіби шыңдалуына бар жағдай жасалған. Оқыту курстары, тәжірибе алмасу семинарлары мен тренингтар мұғалімнің өрісін кеңейтіп, шыңдалуына жол ашары хақ. Сондықтан да бүгінгі мұғалімге «біле ме, жоқ па» деген күмәндік деп толық айтар едім. Өз бетінше ізденемін, қанаттанамын деген ұстазға әлемнің түкпір түкпірінен ақпараттануға, өз еңбегін жариялауға мүмкіндік баршылық. Тек ерінбей ізденген жанға алды даңғыл жол, асқақ арман дер едім. Алдындағы шәкіртінің білсем деген ұмтылысына қолдау танытып, сұрағына ашық түрде жауап беруі керек.

Бүгінгі ұстаз шәкірттеріне мәлімет беріп қана қоймай, оны дүние жүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға яғни, бәсекеге қабілетті өмір сүруге тәрбиелеу керек. Ол нағыз ұстаздың ғана қолынан келеді. Ұстаздың соншама қадір-қасиет құрметке бөленуі оның өз міндетіне жауапкершілікпен қарауына байланысты. Өйткені, оның қарапайым да сыпайы киім киісі, мәдениеті сөзі, әдепті жүріс-тұрысы, жинақы іс-әрекеті, білімі шәкіртке де, ата-анаға да, жұртшылыққа да өнеге. Жақсы ұстаз болу үшін ұстаз тек біліммен емес, әрбір баланың ішкі жандүниесін түсіне білуі қажет. Мұғалімнің этика, эстетикасы жоғары, жан-жақтылығы басым болған жағдайда бар баланы өзіне тарта біледі. Тек бір балаға ғана көңіл бөлмей, жақсы көрмей, бәрін бірдей қамти білуі бұл нағыз педагогтың шеберлігі, көпсалалығы дер едім. Шәкірт ұстаздан білім ғана емес өмірлік ұлағат, тәрбие алады. Шәкіртке өмір сүрудің мәнін ұғындырып, оның қыр-сырын ашып, дүниелік түсінігін тереңдеткен ұстазына деген сый-құрметі де айрықша болады. Ол өзінің бойындағы бар аталық мейірімін, білімін, тәжірибесін алдындағы шәкірттеріне беріп, олардың рухани дүниесін байытады. Өмірде неғұрлым адаспай дұрыс жолмен жүруге дайындайды. Халықтың ұстазыңды атаңнан да әзіз тұт дейтіні сондықтан болса керек.

Найля СЫДЫКОВА,
Талдықорған қаласындағы Ж. Үшкемпіров атындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп интернат-колледжі.

«ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫ КЕҢЕСТЕРІНІҢ БОЛАШАҒЫ»

ФОРУМ

2023 ЖЫЛДЫҢ 6-8 МАУСЫМЫ АРАЛЫҒЫНДА СТАМБҰЛДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНГРЕСС ЖӘНЕ КОНФЕРЕНЦИЯ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ (ICCA) МЕН КОНФЕРЕНЦИЯ ФОРУМЫ (AC) БІРЛЕСІП ҰЙЫМДАСТЫРҒАН «ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫ КЕҢЕСТЕРІНІҢ БОЛАШАҒЫ» АТТЫ ФОРУМ ӨТЕДІ.

Халықаралық конгресстер мен конференциялар қауымдастығы (ICCA) және конференциялар форумы (AC) бірлесіп ұйымдастыратын екі күндік бағдарламада ICCA және AC форумының мүшелері, қауымдастық мүшелері және медицина саласындағы негізгі мүдделі тараптар бас қосатын болады.

ICCA мен AC форумының ынтымақтастығы «Медициналық кездесулердің болашағы» атты тақырыпта денсаулық сақтау саласына ерекше назар аудара отырып, үш жылға арналған жоспарларды қамтиды. Былтыр 6-8 шілдеде Францияның Канн қаласында өткен шара биыл TGA, Түркия Туризмді дамыту агенттігінің ықпалымен, Стамбұлда ұйымдастырылмақшы.

Денсаулық сақтаудың болашағына арналған бұл кездесу медицина саласының ірі ойшылдарының көмегімен саладағы түйткілдерді анықтап, олардың шешу жолдарын қарастыруға мүмкіндік береді. Іс-шара постпандемиядан кейінгі әлемде медициналық емдеулердің сапасын жақсартуға мен Стамбұлдың осы нарықтағы үлесін кеңейтуге бағытталған.

Штаб-пәтері Амстердамда орна-ласқан ICCA – 1963 жылдан бері әлемнің 100-ге жуық елінде құрылған 1100-ден астам мүшесі бар жетекші ұйым. Оған қаланың жарнама және маркетинг кеңселері, халықаралық конгресс және конференция агентіктері, басқа да кездесулер мен қатысушыларды орналастыру қызметтерін ұсынатын компаниялар кіреді. ICCA өз мүшелері арасындағы ынтымақтастық пен байланысты жақсарту үшін аймақтық бірлестіктерде жұмыс істейді. Түркия Жерорта теңізі аймағындағы мүше мемлекет ретінде ICCA-мен серіктестік келісіміне қол қойды және өзара тиімді ынтымақтастықты жүзеге асырды. Конгресс басшылығы мен басқару мәселесімен айналысатын AC Forum өзін-өзі басқаратын жалғыз ұйым ретінде ерекшеленеді. Коммерциялық әсерлерден аулақ, кәсіби озық тәжірибелер мен идеялар алмасу арқылы AC Forum мүшелері қауымдастық басшылығы мен Конгресс басшылығын ілгерілету және оны жоғары деңгейге жеткізу үшін ақпарат алмасады.

Сонымен қатар, елдегі MICE (конгресс туризмі) секторының мүдделі тараптары ICCA, AC форумының алдында ICCA Destination серіктестігімен дайындалған Стамбұл саммитінде кездесетін болады. 5 маусымға жоспарланған саммит ICCA, AC форумының тиімділігін арттыруға бағытталған.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕРЕЙ

ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРИЯ ҚҰЛТАЙ НҰРҚАЛБАЙҰЛЫ

Құлтай НҰРҚАЛБАЙҰЛЫ – 1943 жылы 15 наурызда қазіргі Көксу ауданы Қаражарық ауылында дүниеге келген. 1950 жылы Көксу бекетінде орыс мектебіне барып, 1958 жылы 7 сынып бітірген соң Лепсинск кітапхана техникумына оқуға түскен. 1961-1967 жылдары Қаратал ауданының мәдениет бөлімінің аға инспекторы, 1970 – 1978 жылдары Талдықорған қаласы №174 орта құрылыс кәсіби техникалық училищесінде тарих және қоғамтану пәнінен ұстаз, директордың оқу тәрбие жөніндегі орынбасары одан кейін директоры қызметтерін атқарған. 1978 жылдан бастап 1999 жылға дейін Талдықорған облыстық тұтыну қоғамдар басқармасының кадр бөлімінің аға инспекторы , ұйымдастыру кооперативтік бөлімінің бастығы болып зейнетке шыққан...

80 жаста

Қарттыңда қарты бар. Аузы дуалы баяғының билеріндей бітім жасайтын қартты көргенде көңілің көктемдей жадырап қалады. Шежіре таратса түптаңнан тартып, жеті түгілі он екі атаға де-йін таратып беретін ақсақал абыздарды көзіміз көрді... Алпысқа жетпей алжып аузынан сөзі, үстінен бөзі түскен қарияларды да, көріп жүрміз. Қарияныңда қариясы бар деп отырғанымыз сол. Әсіресе бүгінгі қоғамда қарияларды жалтақтығын көргенде көңілің су сепкендей басылады. Әкім қаралардың алдында шыбындаған жылқыдай бас шұлғып, айдауына жүріп, айтқанына көніп, солар берген шапанға оранып, конвертіне масайып, бала-шағасына қызмет сұрап, ақсақалдар алқасының төрағасы болған қарияларды халық алдындағы беделі, бетегеден биіктей қоймағанын ел біледі. Қара қылды қақ жарған, қара тілін қамшыдай сілтеген қара шалдар бүгінде некен-саяқ. Ондай қарияларды, ақсақалдардың қоғамда, отбасы ошақ қасында алатын орны қашан да ерек. Қарияның ақылын, өсиетін, терең мағыналы әңгімелерін тыңдап өскен баланың болашағынан зор үміт күтуге болады. Себебі, үлкеннің ақылын бойына сіңіріп өсірген бала аяғын шалыс басып, жаман қадамға бармасы анық. Кеңес одағының батыры, жазушы, Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, әскери қолбасшы, стратег және тактик Бауыржан Момышұлы жасы үлкен қарттарды шал, қария, ақсақал және абыз деп төртке бөліп қарастырған екен. Отбасы ошақ қасынан ұзап шыға алмай түтін аңдып, үй аралап, саяси өсек айтатын қартты – шал. Өз әулетін шашау шығармай уысында ұстап, билік жүргізген қартты – қария, тұтас бір ауылдың жыртығын бүтіндеп, айбынын асырып отырған қартты – ақсақал, елдің дау-дамайын шешіп, арғы-бергі тарихтан әңгіме қозғап, тұла бойына ұлттық рух, ізгі қасиеттерді молынан сіңірген қартты – абыз деп атаған. Бүгінгі мақала авторы Құлтай Нұрқалбайұлы да, сол Бауыржан батыр айтқан абыз ақсақалдың қатарына жатады. Сексеннің сеңгіріне шықса да жүрісі ширақ, көкірегі қазынаға толған абыздың мінезі жыл-құйрықты жылқыдай. Айтарын ірікпей айтып, батыл сөйлейтін туғанына да, туысына да, тартпайтын турашылдығы кесікін-келбетінен көрініп тұрады. «Көп жасағаннан сұрама көпті көргеннен сұра» демекші Құлтай ақсақалға қарап, ауылыңда қартың болса, жазып қойған хатпен тең деген осы ғой деп сүйсінесің. Қартайдым, қажыдым деп жүрген Құлтай қарияны көрмейсің, қашан көрсең қолтығында бума-бума газет, кітап арқалап жүргені. Жетісу өңірінің тарихын одан жетік білетін адам әй жоқ шығар-ау! Ол кісі тарихты біліп қана қоймай оқығанын, көкірегіне тоқығанын кітап етіп жазып, құлаш-құлаш мақала жариялап, газет баспаханасының табалдырығын тоздырып жүреді. Бүгінде жазушы, тарихшының үйінде он мыңнан аса кітап қоры бар екен. Ақпарат құралдарына жиі талдау жасап, баспадан шыққан кітаптардың тігіндісін, қыздың жиған жүгіндей ұқыптап жинап жүрген қарияны іздемейтін адам жоқ. Баспасөз архивтерден керек-жарағын таппаған оқымыстылардың талайы өздеріне қажетті материалдарды осы Құлтай қарияның үйінен табады. Тарих десе жанын жалдап, түп тамырын қазып, талдап-талдап мақала жазудан Құлтай ақсақал шаршаған емес. «Кәрілік деген сайтанның құрығы түсті мойныма» деп жырау жыршы Нартай Бекежанов ақын айтқандай сары сүйек ақсақалдың құлағының сәл мүкістігі болмаса, тарих пен ауыз әдебиетке салсаңыз ертеден кешке дейін шапқан жүйріктей жүйткиді. Аңыз әңгіме, ел-жердің тарихын айтқанда, тыңдаушысын айрандай ұйытып тастайтын қасиетіне алғырлығына тәнті боласың. Тек қана Жетісу тарихы емес осы өңірден аты шықан батырлар мен ақындар жайлы әңгіме қозғағанда жан-дүниеңді тербетеді ғой! Арғы тарихты былай қойғанда қарияның ұқыптылығы сондай айтулы батырлаға, ақындарға арналып өткізілген республикалық ақындар айтысын жыйнақтап жүргенін айтқанда, айтыскер менің өзім қысылып қалғанмын. Ақсақалдан осыншама дүниені көз майын тауысып жинақтап, кітап жасап жарыққа шығарып жүргенін әкім-қаралар білеме деп сұраған едім «*Білсе білсін, білмесе қойсын. Экс әкім Амандық Баталовқа талай айттым. Тек кітаптың жарық көруіне көңіл бөлді, ары қарай мойнын бұрыпта қараған жоқ. Біле білсе бұл өз өңіріміздің тарихы, ол тарихтың ішінде өзі де бар»,* – деп қынжылысын білдірген еді.

– *Мен тарихшы болғандықтан Алматы облысының барлық аудандары мен қала әкімдігінің тіпті архивтен табылбайтын құжаттарын жинақтап қойғанмын. Алғашында Талдықорған об-лысы болған кезден бастап, қай уақытта кім әкім болды оның орынбасары кім болды деген сұрақтарға жауапты менің жинаған құжаттарымнан табуға болады. Жетісу облысының тарихы, осы өңірде құрыл-ған басқармалар, тағы да басқа өңіріміз-дің маңызды деген дүниелерін саралап, сақтап қойғанмын. Маған архивтен де хабарласып тұрады. Өздері таба алмаған құжаттарды қолқа салып сұрап алады. Мен де олардан жазылмай қалып қойған жазбалар болса сұрап, құжаттарымның қатарын көбейтіп тұрамын. Мысалы облыс 1997 жылы 22 сәуірде құрылды. Осы жыл-дан бастап әр ауданда кімнің қай уақытта әкім болып сайланғаны нақты уақыттарымен көрсетіліп жазылған. Ең көп сайланғаны Көксу ауданының әкімі болса, ең аз сайланған ұйғыр ауданы, үш қана әкім. Осы сияқты әкімдікті ғана емес, ауылшаруашылығы бойынша басқа да салалар бойынша билікте кімдердің қай уақытта келіп, қай уақытта кеткендері жөнінде барлық дерек менде бар. Одан бөлек 1994 жылдан бері ардагерлердің де тізімдері бар. Оның барлығын жаттап жүру мүмкін емес. Сондықтан керек кезде көріп, білу үшін барлығын осылайша сұрыптап, жазып сақтап қою керек*, – дейді Құлтай ақсақал. Осыдан кейін ұқыптылық деген не десе Құлтай қарияның жиған-тергенін көрсетуге болады. Архивте жоқ, құжаттарды қаптап, өз кітапханасында сары майдай сақтап отырған қазыналы қарияға алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Тек осы алғысты редакция алқасы емес, әкім-қаралар айтып, қарияны ардақтап жандайшаптарға жауып жүрген оқалы шапанды Құлтай қарияға жапса, сыңарынан айрылып мұңайып жүрген ақсақал да қырандай бір түлеп, отты көздерімен алысқа бір қарар еді-ау деген ойға қаласың. Құлтай қарияның ұқыптылығының тағы бір дәлелі, ол кісі қолына алған дүниелерді ұсақ-ірі деп екіге жармайтыны өзгелерге үлгі өнеге болуда. Әр аптаның жұма күні редакцияға соғып, газеттен оқыған мақалаларды талдап сын пікір айтып отырады. Мұның өзі журналистерді қамшылап, үлкендігін көрсетіп, көрегендігін байқатып отырғаны емпеспе біле білген адамға. Облысқа қатысты кез келген дүниелерді құжаттап, шашау шығармай қаптап отырғаны әрбірден кейін аривтегілерге де таптырмас өнеге. Өздерінде жоқ құжаттарды Құлтай қариядан сұрап алып жүрген архив қызметкерлері де қарияға қарыздар.

Тағы бір өзара әңгіме дүкен құрған уақытта бұрынғы «Нұр Отан» қазіргі «Аманат» партиясының да құрылған уақыттан бастап, қазіргі күнге дейінгі барлық өмірбаны барын айтып қалған болатын. Одан бөлек кешегі кеңестік кездердегі Жетісу комсомолдарының тарихы түгел дерлік барын айтты.1944 жылдан 2021 жылы 4 қараша жабылған уақытқа дейінгі бірінші хатшыларының

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

өмірбаяндары, екінші хатшылары туралы деректер одан бөлек жабылған уақытқа дейінгі барлық деректер жазылғанын тілге тиек еткен болатын. Осы арада әр адамның өмірбаянын қайдан аласыз дегенімде «Мен оның әрқайсысын жазып отырмаймын. Өздеріне тікелей барып сұраймын. Өздері маған мөрлерін басып, қолдарын қойып жазып береді. Сол құжатты алып, сақтап қоямын. Бұндай маңызды құжаттарды аса тиянақтылықпен жинап отыру керек. Маған облыстық архивте өрт болып барлық құжаттары өртеніп кеткеннен кейін хабарласқан болатын. Өздерінде жоқ бірнеше деректерді менен сұратты. Мен де өз кезегімде қолымнан келгенше көмектестім», – дейді. Құлтай ағаның өмір баянын қарап отырсақ кеңестік кезеңнің солақай саясаты қарияныда кері айналып өтпегенін аңғаруға болады. Алғашында еңбек жолын мұғалімдіктен бастаған қария бұл салада бір жыл ғана қызмет істеген. Одан кейін КПТУ-174 деген орталықта үш жыл оқып маманданған диплом алып шыққан екен.

Бастауыш мектептің негізгі міндеті – жеке тұлғаны дамытып, оның алғашқы қалыптасуын қамтамасыз ету, білімге деген сенімін нығайту, іскерлігі мен дүниетанымын қалыптастыру, оқуға деген қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру болып табылады. «Білім негізі – бастауышта» демекші, білім берудің алғашқы атасы – бастауыш білім. Баланы бастауыш сыныптан бастап шығармашылық ойлауға, өз бетінше шешім қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту – бүгінгі күннің басты талабы.

«Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ» десек, білімнің негізі бастауышта қаланатыны белгілі. Бастауыш сыныптағы әртүрлі пәндер оқушы білімін дамытып, танымдық қабілеттерін қалыптастыруға үлкен үлес қосады. Мектепте, ғылым саласының қайқайсысынан болмасын, берілетін білімнің негізі бастауышта қаланады. Сондықтан да болар А.Байтұрсыновтың: «… бастауыш мектепте үйренетін білім жұрттың бәріне тегіс керек білім ғой.

Адамға тіл, құлақ, қол қандай керек болса, бастауыш мектептерде үйренетін білімдер де сондай керек» деуі. Бастауышта берілетін білімге ерекше көңіл бөлінеді. Яғни ғылыми білімдердің негізі осы бастауыштан басталады. Баланың оқу әрекетінің танымдық белсенділігі де осында қалыптасып, олар білімдерін өз беттерімен толықтыра алатындай деңгейге көтеріледі.

Алтынай ТУКАНОВА,
Екіаша орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПЕРЗЕНТ СЫРЫ

АНА САҒАН МЫҢ АЛҒЫС!

АЙНАЛАЙЫН МЕНІҢ АҚМАҢДАЙЛЫ, АҚЫЛДЫ ҚЫЗДАРЫМ. ЖАРАТҚАННЫҢ МАҒАН БЕРГЕН СЫЙЫ, АМАНАТТАРЫ, ЖАҚҰТТАН ДА ҚЫМБАТ, АСЫЛ ҚЫЗДАРЫМ, АЙ НҰРЫНДАЙ СҰЛУ ҚЫЗЫМ АЙДАНА, АЙ СӘУЛЕСІНДЕЙ ЖАРҚЫРАҒАН АЙЕРКЕМ, ТӘТТІ ҚЫЗЫМ АЯЛА. КӨЗІМНІҢ АҒЫ МЕН ҚАРАШЫҒЫ, НҰРЫМ БОЛҒАН СЕНДЕРГЕ АЛҒЫСЫМ ШЕКСІЗ. МЕНІ АЯУЛЫ АНАҒА АЙНАЛДЫРҒАН БАЛА МАХАББАТТАРЫҢ ҮШІН ӨЗДЕРІҢЕ РАҚМЕТ АЙТАМЫН.

Мен бүгін қолыма қалам алып, осы сырлы хатым арқылы өзімнің асыл анам туралы шағын естелігіммен бөліспекпін. Басымнан өт-кен ауыр жағдайда, қос аяғым істемей, мына жарық дүниені көруге зар болып, төсекке таңылғанымда, анам менің өмір сүруім үшін екі жыл арпалысқан еді. «Ана қайраттанса, баласын арыстанның аузынан да алады» деген тәмсіл рас екен. Егер анамның жігері, қайтпас қайсарлығы болмағанда, мен қазір мына өмірде болар ма ем, болмас па ем, сендер еркелеп мойныма асылар ма едіңдер, кім білсін?..

Бәрі бүгінгідей есімде.

– Мама мен мектепке барам ғой, иә, – деп ентіге мамамды құшақтап сүйе берем, сүйе берем.

– Маған басқа қыздардың мамалары сияқты тілашар жасап бересің ғой, – деп мазасын ала береді екем ғой.

Жаным мамам көрші тәтелерді шақырып,үлкен той жасамаса да, ақ дастарқанын жазып менің тілашарымды жасап берді.

Мектеп табалдырығын алғаш алты жасымда аттаппын. Бір қызығы ата-анам хат танымаса да, көкіректері ояу жақсы адамдар болды. Оқуды зеректігімнің арқасында тез меңгеріп кеттім. Күнде қатарынан бес бестік алып отырдым. Анамды осылай қуантқым келді.

Бастауыш сыныпта оқып жүрген кезімде ата-анам жаңа қосылған ұлы мен келінінен айырылып қалды. Яғни, менің ағам мен жеңгем. Ананың бала дегенде жүрегі қарс айырылғанын сол кезде-ақ сәби жүрегіме түйген екенмін. Қазір қаншама жылдан соң ойлап қарасам, бауыр еті баласынан айырылу деген қандай қасірет?!

Мектептен келсем мамам қатты дауыс көтеріп жылап отырады. Мамамды жұбатам деп өзім қоса жылаймын. Сол кездегі жылауы – жоқтау екен. Бала кезімізден-ақ бойымызға қазақы ұлт-тәрбиемен сусындап өсіппіз. Үйде көп баламыз. Анам үлкен қазанға көже пісіреді. Кеспе кесіп отырғанда тапжылмай мамамның кеспе кескен қолына қарап отыратынмын. Не деген шеберлік. Тез-тез сақылдатып, пышақпен қолын жаралап алмай кеспені әдемі етіп кесіп шығады.

Үйдің кенжесі болғандықтан мамама өзімнің ойым бойынша көп жақын болған мен сияқтымын деп ойлаймын. Бар баласы өсіп, өз алдына үй боп кеткенде қастарында қалдым. Балалық бал күндерім өтіп жатты, өтіп жатты...

Таң қылау беріп ата бастағанда әкемнің жаққан пеші әлі көз алдымда. Бір қараңғы, бір жарықта үйдің іші от сәулесімен жанып-өшіп тұрған жарқырауық шамға айналатын. Пысылдаған шәугімнің дауысын айтсаңшы, кәдімгі бір сарынды әуен дерсің.

Қош делік. Мен мектепті аяқтадым. Бір жыл өткеннен соң қатты науқастандым. Аяғымнан жүре алмайтын хәлге түстім. Әке-шешемнің қаратпаған жері жоқ. Мен жүруден қалдым. Азғантай ақшаларын там-тұмдап мені емдетті.

Осы кезде асыл әкемнің бір қасиеті есіме түсе береді. Анам мені шалғай жерде қарап жатқанда әкемнің ақша әкеп берген кезі. Әкелетін ақшасын, анам тоқып берген түбіт жемпірінің ішіне матамен сыртын орап, кеудесіне ақшаларды жаймалап,тіктірткен ғой. Шамасы ұрлатып алам ба деген қорқыныш болған-ау, сірә.

Анамның сол кездегі Алладан қол жайып сұраған тілегі әлі күнге дейін құлағымда жаңғырады:

– *Е, Құдай! Көз алдымда қызымды қинамашы. Менiақ алшы!*

Көзінен аққан тарамтарам жас көкірегін жуады, мен үнсіз тыңдап жатып булығамын. Анама көрсетіп, одан әрі егілткім келмейді.

Анам мені екі жылда аяғымнан тік тұрғызды. Басында қос балдаққа аяғымды ілгізіп, тәй-тәйлаған бала құсатып, өзі жетелеп жүргізді. Қашан айығып кеткенімше, қасымнан бір елі ұзаған емес. Ем жасаған жер Семей өңірінде еді.

Аллаға шүкір қазір өздеріндей үш қыздың анасы болсам да, мамам әлі мені ойлайды, маған алаңдайды. Түсінде мені көрсе болды, менімен дереу хабарласады. Телефоннан түрімді көріп: «*Бет-ауызың ісініп кетіпті, ауырып жүрген жоқпысың?*" – деп сұрайды. Аялам дүниеге келгенде қуанғанын-ай. Ауырып жүрседе ақ мамық қолдарымен маған емханаға түрлі-түрлі тамақ жасап беріп жібереді.

Жаным анам! Аузынан тәубесі мен шүкірі түспейтін анам жайлы жаза берсем, алып дастанға айналары сөзсіз. Бұл – менің анамның бір ғана перзентіне деген ықыласы, махаббаты. Ал, өмірге әкелген он баласы үшін жүрегінің қанша рет тілініп, қанша рет қуанғаны бір Аллаға аян.

Аяулы анам, өзіңізге мәңгі қарыздармын. Перзенттік парызымды қандай жақсылық жасасам да өтей алмасым анық.

Айналайын, қыздарым, жұмақты алыстан іздеудің қажеті жоқ екен. Жұмақ деген – ол анаңның жылы құшағы, мейірімге толы еркелетер сөзі, сені айналып-толғанғаны.

Бақытгүл ҚАСЕНОВА,
ұстаз.
КЕРБҰЛАҚ АУДАНЫ

КӨКЖИЕК

ЖАҢАША ОҚЫТУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Жаңаша оқыту – заман талабы. Оқыту үрдісінде өзгеріс енбейінше, нәтиже болмайтынын өмір көрсетіп отыр. Сол себепті әрбір сабақты жаңаша әдістермен оқушының санасына ұялайтындай етіп өткізу керек.

Өскелең ұрпақты оқыту міндеттеріне байланысты мұғалім ерекше әдістемелік құралдарды игерген, түпкілікті психологиялық-педагогтік дайындығы бар мұғалім болуы шарт. Әрбір мұғалім өзінің жеке қасиеттеріне жауап беретін өзінің әдістемесін табуы тиіс. Сондықтан барлық мұғалім әр түрлі педагогикалық курстардан жиі өтіп, жаңа технологияны меңгеруі керек.

Қай заманда болсын балаға білім беру ісі елеулі орын алып, онымен шұғылданатын мамандарды ізденіске итермелеп отырған. Еліміз тәуелсіздігін алып, ұлттық дамудың сара жолына түсу, білім беру ісін жолға қоюды талап етіп, әлеуметтік маңызды жұмыстарды орындауға ықпал етті.

Уақыт талабы оқушыларға сапалы білім берумен қатар олардың шығармашылық қабілетін, ақыл-ой белсенділігін дамыту міндетін қойып отыр. Бұл оқытудың әдіс-терін жетілдіруді, кемелдендіруді көздейді.

Салтанат БАЛИКЕНОВА,
Екіаша орта мектебінің математика пәні мұғалімі.

БІЛІМ НЕГІЗІ – БАСТАУЫШТА

Оқытушының негізгі мақсаты – оқушыға терең білім беріп, жан-жақты тәрбиелеп санасын жетілдіру болса, шәкірттің міндеті – жақсы оқып, тәрбиелі де, тәртіпті оқушы болу.

Ертеңгі болашағымыздың тағдыры жас ұрпақтың бүгінгі тікелей тәрбиесіне байланысты. Жан-жақты білімді, парасатты, саналы азаматты тәрбиелеп шығару, олардың жан дүниесін рухани қазыналармен байыту, озық өнегелерді ой-санасына орнықтыру – бүкіл ел-жұрт, мектеп, отбасы болып бірлесе атқаратын аса жауапты міндет. Тәрбиенің осы бір сан-саналы, күрделі мәселелеріне терең бойлауға, күнделікті өмірдегі қарапайым дағдылар арқылы бала жүрегіне жол табуға тырысатын алғашқы білім баспалдағы – бастауыш мектеп. Бастауыш сыныпта берілген білімнің сөлі мен нәрін бойына сіңіріп өскен баланың өмірге деген бейімділігі, зерделігі де анағұрлым жоғары болмақ. Бастауыш сынып оқушысының даму деңгейінің жетілуі немесе өзгеріссіз қалуы ұстаздың ізденімпаздығына, әдіс-тәсілдерді, технологиясының озық үлгілерін орынды пайдалана білуіне байланысты.

Динара ИМАНБАЕВА,
бастауыш сынып мұғалімі.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТРУДОУСТРОЙСТВО

ПОЧТИ МИЛЛИОН ЧЕЛОВЕК ПЛАНИРУЮТ ТРУДОУСТРОИТЬ

С НАЧАЛА ГОДА РАБОЧИЕ МЕСТА ПОЛУЧИЛИ УЖЕ БОЛЕЕ 117 ТЫСЯЧ ГРАЖДАН. ВИЦЕ-МИНИСТР ТРУДА И СОЦИАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ НАСЕЛЕНИЯ ОЛЖАС ОРДАБАЕВ РАССКАЗАЛ О ЗАПЛАНИРОВАННЫХ НА 2023 ГОД МЕРАХ ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ ЗАНЯТОСТИ НАСЕЛЕНИЯ, СООБЩАЕТ КОРРЕСПОНДЕНТ ЦЕНТРА ДЕЛОВОЙ ИНФОРМАЦИИ KAPITAL.KZ.

«В начале текущего года были утверждены региональные карты занятости, согласно которым планируется трудоустроить порядка 950 тыс. человек, из них 231,3 тыс. — через реализацию нацпроектов, в том числе на субсидируемые рабочие места, 341,8 тыс. — в рамках инициативы главы государства “100 рабочих мест на 10 тыс. населения”, 320,4 тыс. — на свободные вакансии, представленные работодателями», — сказал Олжас Ордабаев на брифинге в СЦК.

С начала года рабочие места получили уже более 117 тыс. граждан. В рамках национальных проектов на работу принято более 73 тыс. человек.

«Все меры по содействию в трудоустройстве человек может получить не только придя в центр занятости, но и дистанционно — через портал Электронной биржи труда Enbek.kz. Кроме этого, для повышения информированности населения о таких возможностях недавно была апробирована СМС-рассылка. 12 тыс. молодых людей получили сообщения с информацией о возможностях трудоустройства и других мерах поддержки в сфере обеспечения занятости. Почти 5 тыс. из них посетили сайт Enbek.kz, несколько сотен позвонили в call-центр. Уже трудоустроены 101 человек: 25 — на постоянные рабочие места, 76 — на временные, а 39 начали обучение основам предпринимательства», — уточнил Олжас Ордабаев.

На брифинге вице-министр труда прокомментировал слова акима Северо-Казахстанской области Айдарбека Сапарова о том, что на стройке якобы можно зарабатывать по 90 тыс. тенге в день.

«Вопрос оплаты труда сугубо рыночный: государство не регулирует, сколько будет стоить кладка кирпича в Северо-Казахстанской области или в других областях. То же самое по разным видам работы: монолитные работы, кладка кирпича, монтажные работы. Прокомментировать будет сложно. Наверное, если аким озвучил, что по СКО есть такие предложения от строительных компаний, у нас нет причин сомневаться в этой информации. Наверное, там, ввиду определенного дефицита кадров, такие предложения есть», — считает он.

Ранее аким СКО Айдарбек Сапарбаев заявил, что на стройке можно зарабатывать по 90 тыс. тенге в день. По его словам, кладка 1 м² кирпича стоит 18 тыс. тенге.

ГЕНДЕР

ОБЕСПЕЧИВАЕТСЯ ПОЛИТИЧЕСКОЕ ПРОДВИЖЕНИЕ ЖЕНЩИН

На сегодняшний день основные принципы, приоритеты и задачи гендерной политики в Казахстане определены в Концепции семейной и гендерной политики до 2030 года. В 2019 году завершился первый этап реализации Концепции, по итогам которого можно констатировать целенаправленное проведение системной и востребованной гендерной политики в Республике Казахстан, всесторонне учитывающей национальный и международный опыт в сфере достижения гендерного равенства, религиозные и культурные особенности казахстанского общества.

Казахстан поддерживает устойчивый уровень занятости женщин и не уступает в этом отношении многим странам, включая страны с высокоразвитой экономикой. Казахстан добился значительных успехов в формировании общества с равными правами и возможностями. В 2015 году Казахстан принял на себя обязательства по реализации Целей в области устойчивого развития ООН, в которых 12 из 17 целей являются гендерно-чувствительными. Рейтинг «Индекс прогресса по Целям устойчивого развития» включает 115 показателей.

По данным статистики в 2022 году Казахстан улучшил позиции на 12 пунктов, поднявшись по сравнению с 2019 годом с 77-го до 65-го места. Также в прошлом году по рейтингу «Индекс гендерного разрыва» Казахстан поднялся на 15 позиций благодаря успешным реформам в области гендерного развития и занял 65-ое место из 146 стран.

Казахстан официально является участником Коалиции Действий по искоренению гендерного насилия, которая нацелена на устранение наиболее труднопреодолимых барьеров на пути к обеспечению равенства.

Кроме того, Казахстан является членом Совета ООН по правам человека на 2022−2024 годы, где гендерное равенство и расширение прав женщин является приоритетными.

Обеспечивается политическое продвижение женщин, корпоративный рост и развитие. В частности, согласно статистике, если в 2010 году доля женщин на госслужбе составляла 52,7%, то в 2022 году достигла 55,4%, 39,2% из них занимают руководящие должности. На политических должностях трудятся 59 женщин, среди которых есть министры, председатели Агентства, Высшей аудиторской палаты и Конституционного Суда, заместители Председателя Сената, а также заместители акимов областей и городов, акимы районов.

Можно отметить значительный вклад женщин в повышение деловой активности, как один из важных факторов устойчивого экономического роста. Роль женщин в политике и их значительное участие также будет способствовать улучшению гендерного равенства и в других сферах общественной жизни.

По программе Концепции и в перспективе в данном направлении предстоит проявить большие усилия для четкой и слаженной работы, как со стороны государства, так и общества с целью внедрения действенных механизмов по достижению равных возможностей мужчин и женщин.

Олег АНИСИМОВ,
судья Талдыкоргангского городского суда.

КОРРУПЦИЯ

НАДО БОРОТЬСЯ ДО ПОЛНОГО ЕЕ ИСКОРЕНЕНИЯ

В современном мире работа по усилению борьбы с коррупцией ведется непрерывно и постоянно совершенствуется. В мире нет уникального набора механизмов борьбы с коррупцией, который оптимален для всех стран. О необходимости борьбы с коррупцией говорят и политики, и высшие государственные чиновники, также борьба с коррупцией определена в качестве одного из основных приоритетов и для государственных органов. Вместе с тем, помимо стратегических направлений, государственными органами на постоянной основе проводятся комплекс мер по предупреждению и недопущению проявлений коррупции, так как коррупция, как социальное явление оказывает негативное влияние на имидж органов государственной службы, подрывает доверие граждан.

Хотелось бы напомнить, что было бы ошибочно понимать под коррупцией банальную взятку, которая является только одной из разновидностей этого преступления. Коррупция сегодня - это получение материальных и юридических преимуществ путем обхода законов в своих интересах, это и решение локальных частных проблем за счет «своих» людей. Коррупция - это ни что иное, как использование государственных функций в частных интересах, которые, как правило, идут вразрез с интересами общества, интересами национальной безопасности государства. И главное - это существование таких неоспоримых негативных последствий коррупции, как: снижение качества госуслуг, создание предпосылок для роста теневой экономики, укрепление позиций криминальных структур, международного терроризма и экстремизма.

В нашей республике действует Антикоррупционная стратегия Республики Казахстан на 2015-2025 годы. Целью Стратегии является повышение эффективности антикоррупционной политики государства, вовлечение в антикоррупционное движение всего общества путем создания атмосферы "нулевой" терпимости к любым проявлениям коррупции и снижение в Казахстане уровня коррупции.

Глава государства К.К.Токаев назвал этот вид преступлений социальной болезнью и призвал решительно противостоять ей. "Моя принципиальная позиция: государство должно бороться с коррупцией до полного ее искоренения", - подчеркнул Токаев. Первой задачей, по мнению главы государства, должна быть защита прав граждан. "Никто не может быть выше закона. Первые руководители, как в центре, так и на местах, будут отвечать за своих подчиненных, уличенных в коррупции. При этом нужно принимать меры не постфактум, а выработать комплексные и системные предупредительные механизмы", - заявил президент.

Розалина МУЖИКОВА,
главный специалист
Талдыкорганского
городского суда.

АРМИЯ

ВОЕННОСЛУЖАЩИМ ПОДНИМУТ ЗАРПЛАТЫ

Казахстанским военнослужащим поднимут зарплаты, передаёт BaigeNews.kz. Лётчикам военно-воздушных сил уже подняли на 30 процентов и выше в зависимости от звания, должности, налёта. Теперь решается вопрос с повышением зарплат преподавателям военных вузов и медикам.

Об этом в кулуарах сената сообщил заместитель министра обороны Султан Камалетдинов.

«Да, вопросы повышения денежного содержания военнослужащих — это “больная” тема. На сегодня правительством поддержаны следующие инициативы: увеличено денежное содержание лётчиков военно-воздушных сил. В этом году решается вопрос по увеличению денежного содержания преподавательского состава до уровня гражданских вузов. Ну, и следующая категория военнослужащих — это военные медики. Повышение денежного содержание также рассматривается и поддержано правительством до уровня медработников гражданского сектора»,

- сказал он.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АЙТАРЫМ БАР

ДОПИНГ ДАУЫНАН САБАҚ АЛАТЫН КЕЗ ЖЕТТІ

КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚ СПОРТЫНЫҢ ДАМУЫН ТЕЖЕП ТҰРҒАН БІР МӘСЕЛЕ БАР БОЛСА, БҰЛ – СПОРТШЫЛАРДЫҢ ЖЕГІҚҰРТЫНА АЙНАЛҒАН ДОПИНГ ДАУЫ. КЕЗІНДЕ ОЛИМПИЯДА ОЙЫНДАРЫ, ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТТАРЫ СЕКІЛДІ ЕЛ МЕРЕЙІН АСЫРАТЫН ІРІ-ІРІ БАЙРАҚТЫ ДОДАЛАРДА ДАРАЛАНЫП, ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНА ҮЛКЕН ҚУАНЫШ СЫЙЛАҒАН СПОРТШЫЛАРЫМЫЗДЫ ЖЕР-КӨККЕ СЫЙҒЫЗБАЙ, ТӨБЕМІЗГЕ КӨТЕРГЕН ЕДІК. ӨКІНІШКЕ ҚАРАЙ, КӨП ҰЗАМАЙ СОЛ САҢЛАҚТАРЫМЫЗДЫҢ ОЛИМП ШЫҢЫН ҚИТҰРҚЫ ЖОЛМЕН БАҒЫНДЫРҒАНЫ ДӘЛЕЛДЕНІП, ЖЕР-ЖАҺАННЫҢ ЖАНКҮЙЕРЛЕРІ АЛДЫНДА МАСҚАРА БОЛДЫҚ...

Бұрынғылардың «ауру қалса да, әдет қалмайды» деген сөзінің рас екеніне тағы бір мәрте көз жеткіздік. Таяуда дәл осындай жағдай тағы қайталанды. Жапонияның бас шаһары Токиода өткен Олимпия ойындарында ерекше өнерімен дараланып, қола жүлдеге қол жеткізген ауыр атлет Игорь Сон допингпен ұсталып, абыройымызға тағы нұқсан келтірді.

Қоғамды елең еткізген жаңалық әлеуметтік желіде де кең тарап, қолданушылар арасында қызу талқыланып жатыр. Жанкүйерлердің көбі допингпен ұсталған спортшыларға аяушылық танытпай, ауыр жаза тағайындау керек деп есептейді. Тіпті мемлекеттен берілген барлық сыйақыны түгелімен бюджетке қайтаруға тиіс екенін айтып жатыр.

Ауыр атлетика федерациясының бас хатшысы Алдияр Нұралиновтің айтуынша, Игорь Сон мен тағы бірнеше спортшының қанында тыйым салынған препараттың бар екені Қазақстан Ұлттық допингке қарсы орталығында анықталған соң, бұл нәтижелер федерация мен ұлттық құраманың басқа да өкілдеріне кері әсерін тигізбейді. Алайда ереже бұзған спортшылар Бүкіләлемдік антидопинг агенттігінің (WADA) Кодексіне және Халықаралық ауыр атлетика федерациясының допингке қарсы ережелеріне сәйкес 4 жылдан 8 жылға дейін жарыстардан шеттетіледі.

– *Спортшыларды жарыстан тыс допингке тексеру олар қатысқан халықаралық додалардан кейін, яғни алты ай өткен соң қабылданады. Сондықтан бұл жерде спортшылардың әлемдік додадағы нәтижелерін жою немесе медальдарын қайтару туралы мәселе туындамайды. Әсіресе И.Сонның Олимпиада жүлдесіне және мемлекеттен алған сыйақысына қатысты екенін ерекше атап өткім келеді. Федерация допингтің кез келген көрінісіне нөлдік төзімділік қағидат ұстанады. Біз ұлттық құраманың барлық өкілінен халықаралық жарыстардың қарсаңында және әлемдік додалардан кейін допинг сынама алып отырамыз,* – дейді А.Нұралинов.

Сонымен қатар бас хатшы бұл тексерістер ең алдымен спортшыларымыздың халықаралық додаларда ереже бұзбауы үшін қажет екенін айтады. Өйткені WADA ел спортшыларынан шетелдік жарыстарда үш және одан да көп артық тәртіп бұзғанын анықтаған жағдайда, олар бүкіл команданы жарыстан шеттетуі мүмкін.

Спорт журналисі Руслан Меделбек спортшылар арасында мұндай тексерісті жиі өткізіп тұрған дұрыс деп есептейді. Сондай-ақ ол допинг сынамалар алатын орталық тәуелсіз және ешбір нәтижені жасырып қала алмайды дейді.

– *Әлеуметтік желі қолданушыларының пікірі ауыр атлетика федерациясындағы допинг дауы арнайы тапсырыспен жасалып отыр дегенге саяды. Бірақ бұл жерде мына нәрсені түсіну керек. Қазақстанда допинг сынама алатын орталық тәуелсіз жұмыс істейді. Олар допинг сынаманың нәтижесін жасырып қала алмайды, егер мәліметтерді жасыратын болса, онда біз Ресейдің кебін киеміз. Өздеріңіз білетіндей, Ресейдің антидопинг орталығы (РУСАДА) Сочидегі сынамаларды жасырғаны үшін лицензиясынан айырылды. Ал Қазақстанда допинг сынамасын алатындар ешкімнің атақ-даңқына қарамай өте әділ жұмыс істеп жатыр. Мысалы, біз кез келген бір зертханаға барып қан тапсырдық дейік, қанда не барын, қандай сырқатымыз бар екенін жасырып қалмай, бәрін көрсете салады ғой. Біздегі допинг орталығы да сол жолмен жұмыс істейді. Қайта осындай спортшыларда допинг бар екенін ерте бастан анықтап, дұрыс істеп жатыр*, – дейді спорт сарапшысы.



Спорт әлемінде 2014 жылы бағы жанып, ауыр атлетикадан қазақтан шыққан тұңғыш әлем чемпионы атанған Жасұлан Қыдырбаевтың басынан да допинг дауы айналып өткен жоқ. 2015 жылы АҚШ-тың Хьюстон қаласында өткен әлем чемпионатында қола жүлде алған отандасымызға 2016 жылы допинг қолданды деген айып тағылып, бүкіл атағынан айырылған-ды. 8 жылға спорттан шеттетілген отандасымыздың жазасы биыл күзде аяқталады.

– *Бұл жайсыз жаңалықты естігенде аспаннан жай түскендей әсерде болдым. Мен ешқашан рұқсат етілмеген дәрі-дәрмекті қолданған емеспін. Өзімнің таза спортшы екенімді дәлелдеу үшін Халықаралық соттың да көмегіне жүгіндік. Өкінішке қарай, бұл әрекетіміздің еш нәтиже шықпады. Осылайша, Олимпиадада атой салсақ деген асқақ арманымызбен біржола қош айтысуға тура келді. Әрине, бұл жерде спортшыларды кінәлай салу оңай. Бірақ ешкім біздің жан дүниемізді түсінгісі келмейді. Көбісі спортшы болу оңай, тіпті біздің өмірімізді рақат деп ойлайды. Әрбір істің өзіне сай машақаты бар екенін олар түсіне бермейтін сияқты. Бозбала шағымыздан спортты жанымызға серік етіп, бүкіл өмірімізді осы салаға арнағанбыз. Осы күнге жеткенге дейін қаншама тер төгілді, ет жақындарымызды, туыстарымызды жылдап көрмей, жаттығу залынан шықпадық. Көп спортшы ел намысы үшін денсаулығын құрбан етіп жатыр. Айта берсең, ақталғандай боласың. Барлығымыздың спортқа келгендегі мақсатымыз байрақты додаларда ел намысын қорғап, халқымызды қуанту болатын*, –дейді Ж.Қыдырбаев.

Қазақ спортының тарихына зер салар болсақ, елімізде ең көп допинг дауына ауыр атлетика спортшыларының ілінгеніне көз жеткіземіз. Мәселен, 2019 жылға дейін осы спортты жанына серік еткен 40-тан аса өреніміздің тыйым салынған препаратты қолданғаны анықталып, жарыстардан аласталған. Дәл сол жылдың қыркүйек айында Мәжіліс депутаттары «Дене шынықтыру және спорт туралы кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын қабылдаған еді.

Мәдениет және спорт министрлігі ұсынған заң жобасында спортшыны допинг қолдануға мәжбүрлеген я септескен жаттықтырушы, функционерлер әкімшілік жауапкершілікке тартылып, оларға 200 айлық есептік көрсеткіш (шамамен 500 мың теңге, 1 300 доллар) көлемінде айыппұл салынады деп көрсетілген. Тіпті бұдан бөлек заң жобасында спортшы допингпен ұсталып, нәтижесі жойылса, Үкімет атлетке берілген ақшалай сыйақыны қайтарып алу, өзіне және бапкеріне мемлекеттен тағайындалған өмір бойғы материалдық төлемді тоқтатып, жарыстарда алған жарақаты үшін мемлекеттен алатын өтемақысынан айырылып, мемлекет берген тұрғын үйді қайтарып беру мәселелері нақты көрсетілсе де, ереже бұзатындардың қатары әлі күнге дейін азаймай тұр.

Спорт журналисі Бек Төлеуов осыдан үш жыл бұрын 2008 жылдан бері допингпен ұсталған Қазақстан ауыр атлеттерінің саны 40-тан асып жығылатыны туралы мақала жазғанын, қазір бұл көрсеткіш адам шошитын деңгейге жеткенін айтады.

– *Спортшыларымыз қазір заңға да, спорт ережесіне де бағынып жатқан жоқ. Бұл – өте қиын жағдай. Қазіргі таңда бір ауыр атлет әлемдік жарыстан медаль әкелсе, оның жетістігіне қуануға тиіс болған жанкүйерлер допингпен ұсталып қалмай ма екен деп уайымдайтын жағдайға жетті. Қазақстан құрамасын ұзақ жылдар бойы баптаған Алексей Ни мен оның көмекшісі, марқұм Энвер Түркелери еліміздегі ауыр атлетика спортына көп еңбек сіңіргенімен, қызды-қыздымен біраз дүниені бүлдіріп кеткенін де айтуымыз керек. Олар атақ-даңқ пен ақшаға оңай жету үшін осындай лас әрекеттерге көп барды және бұл жоспарлары жүзеге асып, қазақ спортшылары Олимпиада мен әлем чемпионаттарында жүлделерді күреп ала бастады. Бірақ қазақта «Көп асқанға – бір тосқан» деген сөз бар ғой. Енді, міне, соның зардабын тартып жатырмыз. Энвер Түркелери Болгария, Түркияда жұмыс істегенде де шәкірттері допингпен ұсталған. Оның дайындаған допингтерін Илья бастаған біраз атлеттеріміз ішіп, опық жеді. Бірақ өткеннен сабақ алмаған сыңайлымыз. Әлі күнге дейін допингпен ұсталып жатқандар бар. Сосын ауыр атлетика федерациясы мен соның айналасында талас-тартыс толастар емес. Тіпті кісі өлімі болса да, тәубесіне келмегендер бар. Әрқайсысы, өзінікін дұрыс деп санайды. Ал ақиқат – жалғыз. Сондықтан қазақ ауыр атлетикасы дұрыс жолға түсу үшін «балықты» басынан тазалау керек сияқты*, – дейді спорт шолушысы.

Спорт жанкүйері Дәурен Аликбаев болса бүкіләлемдік допинг агенттігі қорғаушысы жоқ спортшылармен күресіп кеткеніне наразы. Құзыретті орган өкілдері негізінен спортшылармен емес, допинг препараттарын өндіретін дәрі-дәрмек зауыттарымен күресуі керек еді деп есептейді.

– *Кейде жаңалықтардан әлемде ғылым саласы қарқынды дамып жатқанын, түрлі жаңалықтар ойлап тауып жатқанын оқып қаламыз. Бірақ неге екені белгісіз, допинг мәселесіне келгенде ғылымның озық үлгісін байқай алмай жатырмыз. Спортшылардан допингті дәл уақытында таппаған соң, арада пәленбай уақыт өткен соң анықтағаны кімге керек. Демек, ғылым допингтен қалып бара жатыр деп қабылдауға болатын шығар. Меніңше, допингпен күресетіндер негізі спортшылармен емес, соны шығаратын дәрі-дәрмек зауыттарымен күресуі керек. Бірақ оған шамалары жетпейді. Ал олардың әлдері өздерін қорғай алмайтын спортшыларға ғана жетеді. Біле білсеңіз, дәріханадағы 90-95 пайыз дәрі – спортшы үшін допинг. Сонда нағыз допинг пайдаланатын кім? Сіз бен біз сияқты спортпен айналыспайтын жұрттың балалары*, – дейді ол.

Қорыта айтқанда, тау көтерген толағайларымыздың допинг қолдануы сөз басында айтқандай, ауру емес, әдетке айналып кеткен сыңайлы. Жер-жаһанның спортшылары ұран етіп айтып жүрген «Әлем таза спорт үшін» деген ережеге бағынбайтын спортшылар заңға да пысқырып жатқан жоқ. Бір басын кессе, екінші басы өсіп шығатын әлгі ертегідегі айдаһар секілді қанша жерден допингке қарсы күрес жүргізсе де, ебін тапқандар екі асап жей бермек...

Әли БИТӨРЕ
egemen.kz сайтынан алынды.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

ДИСКРИМИНАЦИЯ ДЕГЕН НЕ?

Адамды алалаудың алуан түрі яғни дискриминация деген не? Дискриминацияның қандай түрлері бар? Адамды белгілі бір ерекшелігіне қарай шеттетудің салдары қандай болады? Дискриминация қоғамға қалай әсер етеді? Бүгін біз осы бір ұғымға кеңінен тоқталмақпыз.

Дискриминация термині латынның «discriminatio», яғни айыру, ажырату деген сөзінен шыққан. Яғни, — әлдебір белгіге байланысты адамды бөле-жара қарау, алалау немесе оған негатив қарым-қатынас жасап, құқығынан айыру. Адам дискриминацияға жынысы, ұлты, ұстанатын діні, терісінің түсі, сөйлейтін тілі, отбасы немесе денсаулық жағдайына қарай ұшырауы мүмкін. Мұндай алалаудың түр-түрі бар және әрқайсы бөлек термин түрінде түсіндіріледі.

Дискриминацияның қандай түрлері бар?

Эйджизм – адамды оның жасына қарай алалау. Көбіне егде жастағыларға, өтпелі кезеңдегі жасөспірімдерге және кішкентай балаларға байланысты болуы мүмкін. Эйджизммен адам жұмысқа орналасарда, ұжымда, белгілі бір мерекелерге қатысқанда және басқа кез келген жерде кезігеді. Мысалы, «зейнетке шыққалы тұр екенсіз, біздің вакансияға келмейсіз» деп тек осы фактор бойынша жұмысқа алмауы мүмкін. Каста — белгілі бір тұрғылықты жердегі халықты, қоғамдық топты шығу тегіне немесе санының аз болуына қарай бөлу, құқығын шектеу. Эйлизм немесе дисаблизм — адамды мүгедектігіне, белгілі бір физикалық ерекшелігіне байланысты алалау. Ұлтына қарай шеттету де осы қатарда. Дискриминацияның бұл түріне жол бермеу үшін көп мемлекет мұндай іс-әрекетті заңғы қайшы деп таниды. Бірақ қоғамда, күнделікті тұрмыста тұлғаны ұлтына қарай бөліп қарау бар. Расизм — адамды этникалық шығу тегіне және нәсіліне қарай бөлу. Мұны ұлтқа байланысты қалыптасатын дискриминациядан ажырату керек. Нәсілшілдер адамның түсіне, өзін ұстау ерекшелігі мен жүріп-тұру әдебіне қарай оны өзгелерден бөліп қарайды. Діни сеніміне қарай дискриминацияда адам өзі сенетін және ұстанатын дінін басқалардан жоғары қояды, яғни өзге дінді қолдайтындарды алалап, төмендетеді. Ал, сөйлеу тіліне қарай дискриминация бір тілде сөйлейтін немесе мүлдем сөйлемейтін адамға бағытталады.

Дискриминация қоғам өміріне қалай әсер етеді?

Дискриминациямен күрес — дамыған мемлекеттер саясатының ажырамас бөлігі. Біраз елдің конституциясында дискриминацияға жол бермеу туралы баптар бар. Адамды алалаудың нақты бір түрін анықтап, онымен күресу халықаралық нормалармен бекітілген. Әр елдің конституциясында да дискриминацияны болдырмайтын баптар бар. Бірақ заңмен бекітілгенмен іс жүзінде орындалмауы мүмкін, — дейді әлеуметтанушы. Сарапшының айтуынша, дискриминация қоғам дамуын тежейді. Ең үлкен зардабы – адамның құқығын, бостандығын шектеу. Әсіресе аз топқа бағытталған кереғар ұстаным сол топ өкіліне азамат ретінде танылуға бөгет жасайды. Бұл тұлғаға азамат деп емес, қандай да бір ортаға тиесілі адам ретінде қарауға, бағалауға апарады. Соған сай оны шеттету, алалау болады. Сондықтан да дискрминациямен, әсіресе оның адам өміріне, денсаулығына қауіпті түрімен күресу өте маңызды, — дейді маман.

Дискриминация — күрделі құбылыс. Оның әлеуметтік, экономикалық және саяси түрлері бар. Әлеуметтік дискриминацияны алсақ, қазақ қоғамындағы дәстүр, наным-сенім және таптаурындар түрінде өмір сүруді айтамыз. «Әйел ерден төмен тұрады» деген түсінік те гендерлік, әлеуметтік дискриминацияға негіз. «Ана тілін білмейді» деп бөлу, этникалық ерекшелігіне қарай адамды алалау да кездеседі. Қордайдағы дүнгендер мәселесін де айтуға болады. Дискриминацияның заңдастырылған түрі де бар. Мысалы, кей мемлекетте аз топ өкілдеріне қатысты дискриминация заңдары болды. Фашистік Германия кезіндегі еврейлердің құдалануы сияқты заңдастырылған дискриминацияға тарихтан мысал көп, — дейді әлеуметтанушы.

Темірлан АЙТБАЕВ

БАЛАЛАР ӘЛЕМІ

Ұлттың ұлы стазы

ЕҢ АЛҒАШ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДА МЕКТЕП АШЫП, БҮКІЛ ҒҰМЫРЫН ҚАЗАҚ БАЛАЛАРЫН ОҚЫТУҒА АРНАҒАН ҰЛЫ АҒАРТУШЫ-ПЕДАГОГ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИНДІ КЕЗ КЕЛГЕН ҚАЗАҚ БІЛЕДІ.

Бүкіл ғұмырын қазақ балаларын оқытуға, мектеп ашуға сарп еткен Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы 20 қазанда қазіргі Қостанай облысы Қостанай ауданында дүнеге келген. Азан шақырып қойған аты – Ибрагим. Әкесінің есімі – Алтынсары, анасы – Айман. Алтынсары өз еңбегімен тіршілік еткен, карапайым шаруа адамы болған. Бала Ыбырай үш жасқа толғанда әкесі Алтынсарыдан айырылады. Осыдан кейін туған атасы, сол кездегі белгілі би, рубасы Балқожа Жаңбыршыұлының қолында тәрбиеленеді. Немересінің білім алғанын қалаған атасы тамыр-танысының көмегімен Ыбырайды Орынбордағы Шекара коммиссиясы жанынан ашылған мектепке жаздырады. 1850 жылы 22 тамызда Ыбырай сол мектепке алғашқы 30 баланың бірі болып қабылданады. Балғожа би немересін кішкентайынан адалдыққа, тапқырлыққа, турашылдыққа, шешендікке баулыған. Өзімен бірге жиын-тойларға ертіп, билік айтқызып, қанатын қатайтқан. Ыбырай жасынан зерек болып, алғырлық танытып, көпшілік құрметіне бөленіп өседі. Зерек Ыбырай атамыз мектепті 1857 жылы үздік бітіріп шығады. Мектепті бітіргеннен кейінгі екі жылында өз елінде тілмаш болып қызмет етеді. 1859 жылы Ы. Алтынсарин Орынбордағы шекаралық комиссияға тілмаш болып орналасады. Шекаралық комиссияның төрағасы, профессор В.В. Григорьевпен танысады. В.В. Григорьевтің кітапханасынан орыс, дүниежүзі әдебиетімен танысады. Өз заманындағы көркем шығармаларды оқиды. Әдебиет, саясат, ағарту туралы жазылған басылымдарды оқуға мүмкіндік алады. Орынбордағы әдеби, саяси, мәдени, рухани дүниелермен танысу Алтынсариннің ой - өрісінің өсуіне, өмірге көзқарасының қалыптасуына игі ықпал етеді. Ы. Алтынсарин өз халқын да білім нәрімен сусындатып, көкірек көзін ашуды мақсат етеді. 1860 жылы Орал сыртындағы қазақтарға арналып 4 сыныптық бастауыш мектеп ашу туралы шешім шыққанда (Троицк, Торғай, Ырғыз, Қазалы қалаларында) өзі сұранып, Торғай мектебінде мұғалім болады. Торғай қаласында бірден мектеп ашу мүмкін болмай, іс көпке созылып кетеді. Ы. Алтынсарин ел ішінде оқудың мәнін түсіндіріп, халықтың білімге ықыласын ояту үшін алғашқы балаларды өз үйінде оқытады. Торғайдағы Ыбырай мектебі 1864 жылы қаңтарда ашылды. Бастапқыда он өрт бала қабылданады. Ыбырай Алтынсарин мектептегі оқу - тәрбие жұмысын мүлде жаңа үлгіде құрады. Сабақ ана тілінде - қазақ тілінде жүре тұрып, әр пән негіздерін үйретуді мақсат етеді. Ыбырай оқушыларының ғылым мен мәдениетті игеруіне, рухани бай азамат болып шығуына қызмет етеді. Қорытындылай келе, біз ұлы ұстаздың Ыбырай Алтынсариннің дәуірінде айтылып кеткен сөздерді әлі күнге дейін өз өмірімізде қолданып келеміз. Оның адамгершілікке баулыған, тәрбиеге негізделген өлеңдері мен әңгімелерімен рухани азық алдық, сонымен қоса осы әсем шығармалар арқылы бой түзеуге болады. Ыбырай мұрасы халқымыздың асыл мұрасы, қол жетпес қазынасы. Ыбырай Алтынсарин барша адамзаттың болашағын, тағдырларын ойлап, көп істерді атқарды. Сол үшін әр адам білімділікке талпынып, ізденіс пен сабырлықты жетелей ала жүріп, барша жетістікке, даналыққа жетуі тиіс!!! Әрбір азамат осындай кереметтей ақынды қадірлеп, есте сақтаулары, болашақ ұрпақтарға жеткізулері тиіс!!!

Нұрай ІЛИЯСҚЫЗЫ,
№26 орта мектебінің
6 «б» сынып оқушысы.

ӨНЕР

«МЕЙІРІМ» шығармашылық орталығының талантты балалары

Нұрай ӘЛІМ

Жанерке ӘЛІМ

АЛИНА БЕКТҰРҒАН

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Айдана СМАҒҰЛ – тілші

Кезекші редактор: А. СМАҒҰЛ.

Алатау
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.
Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2700
Тапсырыс № 304
Индекс 15534